

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Негізгі оқулық

*Жоғары деңгей*



811.512.122(07)

К-12.к

**Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова**

**«Қазақ тілі»  
деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің  
Негізгі оқулығы (жоғары деңгей) + CD**

Алматы  
2013

УДК 811.512.122  
ББК 81.2 Каз  
Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:  
Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығы  
Қ17 (жоғары деңгей) + CD. / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова және  
т.б. - Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 192 б.

ISBN 978–601–7514–07–5

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығында **жоғары деңгейге** лайық іріктелген 10 тақырып пен тіл үйренушінің коммуникативті әрекетін дамытуға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілді.

Оқулықтағы оқу материалдары түрлі тақырыптар аясында жүйеленіп берілген. Жоғары деңгейге арналған оқулықта күнделікті коммуникативті қарым-қатынаста қолданылатын отбасылық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, ойын-сауық, ресми-іскери мазмұндағы лексика мен өз ойын логикалық түрде жоғары деңгейде жеткізуге бағытталған грамматикалық нысандарды меңгерту мақсаттары көзделді.



УДК 811.512.122  
ББК 81.2 Каз

ISBN 978–601–7514–07–5 © ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013  
© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова, 2013

*Отбасы тәрбиесі*

*Адамгершілік, имандылық – тәрбие негізі*

*Спорттың пайдасы*



*Бақытты өмір сүру*

*Табиғат сыйы*

*Су – тіршілік көзі*

*Қоршаған орта*



*Мереке татуы*

*Қайырымдылық қорлары*

*Білім жүйесі*

## МАЗМҰНЫ

№	Тақырып	Беті	Грамматикалық минимум	Беті
1	Отбасы тәрбиесі	6	Көмекші етістік. Сөйлемнің бірыңғай мүшесі. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. Нақ осы шақ (күрделі түрі).	138
2	Адамгершілік, имандылық – тәрбие негізі	18	Септік жалғаулары. Қос сөздер. Жалпылау есімдігі.	139
3	Спорттың пайдасы	30	Тәуелдік жалғау. Оңаша тәуелдеу. Сын есім. Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Күрделі етістік.	140
4	Бақытты өмір сүру	44	Зат есім. Көсемше. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы.	142
5	Табиғат сыйы	58	Нақ осы шақ (күрделі түрі). Ырықсыз етіс. Есімше. Септік жалғаулары.	143
6	Су – тіршілік көзі	70	Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем. Туынды сын есім. Қыстырма сөздер.	145
7	Қоршаған орта	84	Күрделі сан есімдер. Біріккен сөздер. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. Жатыс септік. Тұйық септік. Тәуелдік жалғау. Оңаша тәуелдеу. Септік жалғаулары.	146
8	Мереке шашуы	98	Реттік сан есім. Туынды сын есім. Тәуелдік жалғау. Оңаша тәуелдеу. Ортақ тәуелдеу. Септік жалғаулары.	149
9	Қайырымдылық қорлары	110	Табыс септік. Өздік есімдігі. Бұрынғы өткен шақ. Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі).	151
10	Білім жүйесі	124	Ауыспалы осы шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Тұйық етістік. Септік шылаулар. Туынды сын есім.	153

Тақырыптық оқу сөздігі	Беті
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	155
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	158
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	161
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	165
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	169
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	172
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	175
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	178
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	181
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	184
Отбасы. Ана мен бала. Отан. Туған жер. Денсаулық. Білім, білім алу. Бірлік, сыйластық. Еңбек, еңбекқорлық. Табиғат. Табиғат байлығы. Той, думан, қуаныш. Заман, уақыт. Ас, тағам. Қайырымдылық, мейірімділік.	188



1

# ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ





Тыңдаймыз. Оқимыз



### 1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.

адам, ата-ана, өмір, отбасы, тіршілік, әулет, әке-шеше, әйел, еркек, бала, ұл, қыз, қарындас, немере, шөбере, аға, іні, келін, жезде, қарт адам, жас адам, бауыр, туыс, қарым-қатынас, бірлік, қамқоршы

### 2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

### 3. Мәтінді оқыңыздар.

- Отбасы – адамның алтын ұясы
- Әке – әулет басшысы және отбасы қамқоршысы
- Ұл бала әкеден, қыз бала шешеден тәрбие алады

#### Отбасы тәрбиесі

Отбасы – адамның алтын ұясы, өйткені адам өз отбасында ұрпақтарын тәрбиелеп өсіреді.

Отбасы мүшелерінің бірі үлкен, бірі кіші болса да, олардың ортақ мақсаты, ортақ міндеті бар.

Отбасы – шағын мемлекет тәріздес, сол себепті де әр отбасының өз дәстүрі, саясаты, қаржысы болады. Қазақ отбасында әке – әулет басшысы. Ол – өз ұрпағының қамқоршысы, олардың тәрбиешісі.

Әр бала өз отбасында тәрбиеленеді. Оның ақылы мен ойы, намысы мен ұяты, адамдармен қарым-қатынасы отбасында қалыптасып отырады.

Әке-шешенің үйі «қара шаңырақ» деген ұғыммен байланысты. Сондықтан балалары оны біздің «үлкен үйіміз», «қара шаңырағымыз» деп атайды. Ал осы қара шаңырақтан тараған ұлдардың үйі “отау үй” деп саналады.

Қазақ халқы: «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», – деген. Қазақ отбасында қыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударады. Қыздың тәрбиесіне анасы жауапты болады.

Ал әкенің мінез-құлқы, оның өнері мен білімі, басқа адамдармен қарым-қатынасы үнемі ұл балаға үлгі болған, сондықтан ол атасы мен әкесінің өнегелі ақылдарын тыңдап, олардың ізгі іс-әрекеттеріне қарап өскен.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

*Әкеге қарап ұл өсер,  
шешеге қарап  
қыз өсер.*

*Қара шаңырақ*

Әке-шеше – өз балаларының тәрбиешісі, ақылшысы және қамқоршысы. Олар – мейірімді адамдар.

#### 4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

#### 5. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) “Ұрпақ”, “отбасы”, “әулет” деген ұғымдарды қалай түсінесіздер?
- 2) Отбасының ортақ мақсаты мен міндеті бола ма?
- 3) Отбасы – шағын мемлекет пе? Қалай ойлайсыздар?
- 4) Қыз баланың тәрбиесіне кім жауапты?
- 5) Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай?

Грамматика

#### 6. Мәтіннен себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді табыңыздар.

жай сөйлем

, сол себепті  
, сондықтан

жай сөйлем

#### 7. Мәтіннен төмендегі формада берілген тіркестерді табыңыздар, сөйлем құрыңыздар.

-ып + көмекші етістік

Үлгі: *қалыптасып отырады*

*Баланың ақылы мен ойы, намысы мен ұяты, адамдармен қарым-қатынасы отбасында қалыптасып отырады.*

#### 8. Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып жазыңыздар.

#### 9. Ақпарат алдыңыздар.

Осы білімді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	Менің «Отбасы» тақырыбына сөздік қорым мол.	Мен қазақ отбасындағы әке мен шешенің рөлі жайлы жаңа ақпарат алдым.	Тәрбие туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді білгім келеді.
2			



**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

*Әке көрген оқ жонар,  
шеше көрген  
тон пішер.*

## 10. Монологті оқыңыздар

### Әке көрген оқ жонар

Менің ағамның аты – Дулат. Ол – ақылды, намысшыл, мейірімді адам. Ағам жұмысында абыройлы. Ол өз бауырларын, туыстарын және әріптестерін сыйлайды, оларға көмектеседі. Менің ағам – еңбекқор. Бұл оның ерекше қасиеті. Мен ағамды үлгі тұтамын.

Менің әкемнің аты – Әділхан. Ол – отбасының тірегі. Оның 4 ұлы және 3 қызы бар. Олардың бәрі жоғары білімді және мәдениетті адамдар. Әкем оларға жақсы тәрбие берген. Ағамның мінезі әкеме ұқсайды. Қазақ халқында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалы осындай жақсы тәрбиенің айғағы.

## 11. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Ағасы қандай адам?
- 2) Оның әкесі қанша бала тәрбиелеген?
- 3) «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалды қалай түсінесіздер?

## 12. Монолог мәтінін бірнеше бөліктерге бөліңіздер. Оларға тақырып беріңіздер.


## 13. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемді айтыңыздар.

## 14. Мәтіннен өздеріңізге қажетті сөздерді жазып алыңыздар.

## 15. «Отбасы тәрбиесі» тақырыбына әңгіме жазыңыздар. Ол үшін мәтінде берілген басым сөздер мен сөйлемдерді пайдаланыңыздар.

## 16. Монолог мәтінін диалогке айналдырыңыздар.

17. «Менің әулетім» тақырыбына берілген өрмекші сызбаны пайдаланып, сұхбат құрыңыздар.



18. Төмендегі кесте бойынша сөйлем құрыңыздар.

зат есім	сын есім	етістік
әулет отбасында жұмыста	абыройлы өнегелі әке	тәрбие беру басшысы болу

19. Төменде берілген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді пайдаланып, «Әке көрген оқ жонар» тақырыбына полилог құрыңыздар.

**Мақал-мәтелдер:** Ана алдында — құрмет,  
Ата алдында — қызмет.  
Мейірімі мол ананың —  
Жүрегі жылы, қолы кең.  
Кең пейілді атаның  
Жүзі жылы, жолы кең.

**Фразеологизмдер:** 1. Қуанышы қойнына сыймау.  
2. Беделін көтеру.



## 20. Пікірлеріңізді айтыңыздар.

- Қазақ халқының мақалы: «Әкеге қарап ұл өсер, ...»
  1. Бұл мақалды қалай түсінесіздер?
  2. Мазмұнына қарап, мақалды толықтырыңыз.

Хат жазып үйренеміз

## 21 Хат үлгісімен танысыңыздар. Оқыңыздар. Жазыңыздар

*Қымбатты досым, Айша!*

*Сәлеметсің бе! Хал-жағдайың қалай? Менің жағдайым жақсы. Оқуым да жақсы. Біздің отбасымызда жақсы жаңалық бар. Үлкен ағам үйленейін деп жаттыр. Оның үйлену тойы 25 шілдеде болады.*

*Сені тойға шақырамын, сағындым, кел!  
Менің хатыма жауап жаз. Асыға күтемін.*

*Құрметпен, Жансая.*

**Құрметті Айша!**

Сіз(дер)ді ұлымыз Дулат пен келініміз Самалдың үйлену тойына арналған салтанатты дастарқанның қадірлі қонағы болуға шақырамыз.

Той иелері: Әділхан-Жұпар

Той 2013 жылы 25 шілде күні, сағат 16.00 де басталады.  
Мекенжайымыз: Көкшетау қаласы,  
М.Әуезов көшесі, «Дәстүр» мейрамханасы

Жазамыз

## 22. Үлгіні пайдаланып, әріптестеріңізге хат жазыңыздар.

### 23. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

- Анвар: – \_\_\_\_\_ ?
- Берік: – Отбасы – адамның алтын ұясы.
- Анвар: – \_\_\_\_\_ ?
- Берік: – Ұрпақ: ата, әке, бала.
- Анвар: – \_\_\_\_\_ ?
- Берік: – Әр отбасының өз салт-дәстүрі, саясаты, қаржысы болады.
- Анвар: – \_\_\_\_\_ ?
- Берік: – Әке – әулет басшысы және қамқоршысы.
- Анвар: – \_\_\_\_\_ ?
- Берік: – Әке – балаға үлгі.

## 24. Берілген етістіктермен сөйлем құрыңыздар.

*тәрбиелеу, өсу, оқыту, қалыптастыру, үлгі болу, тірегі болу*

## 25. Мәтінді оқыңыздар.

### Жоспар бойынша мазмұнын айтыңыздар

Ұлы ақын Мағжанның отбасынан алған тәрбиесі де ерекше еді. Мағжан өте мәдениетті, адамгершілігі мол, сыпайы сөйлейтін. Таза киінетін, күніне 2-3 рет сырт киімін ауыстырып, таза жүруді әдет қылған. Ол кісі үлкенге де, кішіге де мейірімділігімен, қарапайымдылығымен ұнайтын. Сыртқы тұлғасы да өте әсерлі болатын: дөңгелек жүзді, орта бойлы, қара торының әдемісі, қара қасты, бұйра шашты, шашын үнемі күтіп ұстайтын. Оның киім киісі мен жүріс-тұрысында зиялылық байқалатын. Мінезі де сондай ерекше еді. Ол сабырлы, салмақты мінезімен өз пікірін тыңдаушыға жеткізе білетін.

*(«Аңыз адам» журналынан)*

### Жоспар:

1. Мағжанның мінезі
2. Ақынның сырт тұлғасы
3. Оның ерекшелігі

## 26. Синонимдерді сәйкестендіріңіздер.

әулет	өнеге
өсу	дүниеге келу
қалжың	көңіл аудару
туу	отбасы
үлгі	ер жету
назар аудару	әзіл

**Үлгі:** *өсті – ер жетті*

## 27. «Анашым» әнін айтып үйреніңіздер.

Әні: *М.Омаровтікі*

Сөзі: *Қ.Жұмағалиевтікі*

Орындайтын: *Н.Өнербаев*

### Анашым

Шет жүрсем – сағынарым,  
Жабықсам – шағынарым.  
Анашым бір өзіңсің – Табынарым.

### Қайырмасы:

Анашым, шалқып күлсең,  
Алдымда ұзақ жүрсең –  
Жүрегім жыр толғайды,  
Көңілім ортаймайды,  
Анасы бар адамдар,  
Ешқашан қартаймайды.

Ұшырған сұңқарыңмын,  
Қияға шырқарыңмын.  
Бәйгеге өзің қосқан Тұлпарыңмын.

**Қайырмасы: ...**

Қорғаным – өзің деймін,  
Жан дауа – сөзің деймін.  
Анашым, сені ойласам,  
Көз ілмеймін.....

**Қайырмасы: ...**

## Эссе жазып үйренеміз

**Эссе тақырыбы: Заманауи қоғам және мұғалім**

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

### ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

«Ой ұшқындары»  
және оның  
құрылымы (5 мин.)

- белгілі бір тақырып бойынша ойын тарқату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері);

Жоспар (5 мин.)

1. ....  
2. ....  
3. ....

Эссе мазмұны  
(40 мин.)  
Сөз саны -250.

- мәселенің өзектілігі  
- өз ойын дәлелдеу  
- ой түйінін жазу

**Тақырып: Заманауи қоғам және мұғалім**

• «Ой ұшқындары»

әдістеме

инновациялық технологиялар

тәжірибе

мамандық

білім бағдарламасы

жастарды оқыту



## • Жоспар

### I. Кіріспе

Мұғалім – мәртебелі мамандық.

### II. Негізгі бөлім

1. Заманауи қоғамдағы мұғалімнің рөлі.
2. Педагогикалық технология мен мұғалімнің шеберлігі.

### III. Қорытынды

Мұғалім – болашақ ұрпақтың тәрбиешісі.

### Тақырып мазмұны

<b>1-бөлім</b>	<b>Кіріспе</b> Мұғалім болу – мәртебе. Мұғалім мамандығы – өмірде ең қажетті және абыройлы мамандықтардың бірі. Меніңше, _____
<b>2-бөлім</b>	<b>Негізгі бөлім</b> Заманауи қоғамда мұғалімнің рөлі ерекше. Өйткені _____. Мұғалім инновациялық-коммуникациялық технологияларды жақсы меңгеруі керек. Біріншіден, _____. Екіншіден, _____. Мұғалім сапалы білім береді, тәрбиелейді. Менің ойымша, _____.
<b>3-бөлім</b>	<b>Қорытынды</b> Білімді жастар – ел болашағы. Себебі _____, Мұғалім – болашақ ұрпақтың тәрбиешісі. Сондықтан _____.

## • Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.



**28. Екі жай сөйлемді себебі, өйткені, сондықтан шылауларымен байланыстырып жазыңыздар.**

1. Отбасы – баланың алтын ұясы, \_\_\_\_\_ олар отбасында өседі, тәрбие алады.
2. Менің қазақша еркін сөйлегім келеді, \_\_\_\_\_ сөздік қорымды жетілдіруім керек.
3. Әке – әулет басшысы, \_\_\_\_\_ балалары мен немерелері оны түсініп, құрметтеуі керек.
4. Ұл бала әкеден тәрбие алады, \_\_\_\_\_ әке балаға үлгі болуы керек.
5. Әке отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі, \_\_\_\_\_ ол өз баласының жақсы азамат болғанын қалайды.

**29. Сөйлемнің екінші бөлігін жазыңыздар.**

- 1) Мен әріптесіммен үнемі ақылдасамын, өйткені .....
- 2) Отбасымызда жақсы дәстүрлер сақталған, сондықтан .....
- 3) Бауырларыма көп уақытымды бөлемін, себебі .....
- 4) Ол жұмыс істейді, себебі .....
- 5) Жездем Алматы қаласына бауырларына барып келді, себебі.....
- 6) Әкеге қарап ұл өседі, сондықтан .....
- 7) Зерттеушілердің мақалаларын көп оқимын, өйткені .....

**30. Төмендегі үлгі бойынша күрделі етістік жасаңыздар.**

Етістік	жіңішке түбірлі сөз	Көмекші етістік
оқыт әңгімеле үйрен <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	-ып -п -іп <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	жатыр отыр жүр <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>

**Етістіктер:** үйрету, көмектесу, өркендеу, сыйлау, құрметтеу, даярлау

**31. Көсемшенің жұрнақтары мен көмекші етістікті белгілеңіздер.  
Сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** *Ұлкендердің өнегелі істері кішілерге үлгі бол+ып келеді*

тәрбие алып өседі, дәстүрі қалыптасып жатыр, тілді үйреніп келеді, жақсы оқып жүр, қызмет істеп жүр, әңгіме айтып жатыр, әкесіне көмектесіп жүр, теледидар көріп жатыр, бала тәрбиелеп жатыр, жұмыс істеп жатыр, тамақ дайындап жатыр, жақсы сөйлеп тұр

**Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде ( , ) қойылады?**

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!**

- Бірыңғай анықтауыштар үтір арқылы ажыратылады.

**32. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін қойыңыздар.**

1. Ол – патриот еңбекқор әділетті адам.
2. Мен бауырларым мен туыстарымды жақсы көремін сыйлаймын.
3. Әр отбасының өзінің экономикасы саясаты қаржысы болады.
4. Мен бос уақытымда кітап оқығанды таза ауада серуендегенді ұнатамын.

**33. Синоним сөздермен сөз тіркестерін құрып жазыңыздар.**

Әке-шеше – ата-ана; көмектесу – жәрдемдесу; еңбек ету – жұмыс істеу;  
әулет – ұрпақ; сәби – нәресте; өсу – ержету.

**Үлгі:** *Мейірімді ата-ана.*

---

---

---

---

---

**34. Сурет бойынша әңгіме жазыңыздар.**

---

---

---

---

---





2

АДАМГЕРШІЛІК, УМАНДЫЛЫҚ –  
ТӘРБИЕ НЕГІЗІ



Тыңдаймыз. Оқимыз



### 1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.

адам, адамгершілік, ұлттық, құндылық, мәдениеттілік, салт-дәстүр, тәрбие, намыс, ақыл, жеке тұлға, әдеп, үлкенге құрмет, құрметті, қадірлі, ардақты, ризашылық, бата, махаббат, жағымды сөз, ұрпақ тәрбиесі, сыйлау, алғыс

### 2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

### 3. Мәтінді оқыңыздар.

- Тәрбие – салт-дәстүрдің маңызды бөлігі
- Абай атамыздың қанатты сөзі
- Қазақ отбасындағы тәрбие

#### Адамгершілік, имандылық – тәрбие негізі

Ұрпақ тәрбиесі – әр халықтың салт-дәстүрінің маңызды бөлігі. Салт-дәстүр дегеніміз – халықтың кәсібіне, сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде берілетін ұлттық құндылықтардың бірі.

Әрбір халық өзінің болашағын ойлайды, сондықтан ұрпағына жақсы тәрбие беру – олардың негізгі мақсаттарының бірі.

Қазақ халқының тәрбиесіндегі, алдымен, үй йесі отағасымен амандасу, үлкендерге иіліп сәлем беру салт-дәстүрі әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде Абай атамыздың: “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек”, – деп айтқан қанатты сөзінің мәні зор. Бұл сөздер жастарды адамгершілікке, әдептілікке және мәдениеттілікке үндейді.

Қазақ халқының әдебінде адамдармен қарым-қатынас «Сіз» деген сөзден басталады, себебі бұл сөз адамды сыйлауды, құрметтеуді білдіреді. Әдептілікті, мәдениеттілікті білдіретін «аса қадірлі», «құрметті», «ардақты» сөздерінің мәні зор. Таныс адамдарына «алғыс айтамын», «рақмет» деп айту да әдептілікке жатады. Халықтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөзі отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты айтылған.

Өзінің ата-анасын құрметтеу, үлкенді сыйлау, досына адал болу, әділетті өмір сүру – барлық халықтарда бар дәстүр.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

*отбасы әдеби**жағымды сөз**Ұяда не көрсең,  
ұшқанда соны  
ілерсің.*

4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Салт-дәстүр дегеніміз не?
- 2) Абай Құнанбаевтың қандай қанатты сөзін білесіздер?
- 3) Қазақ халқының дәстүрінде қандай әдепті сөздер айтылады?
- 4) Ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығы неде деп ойлайсыздар?

Грамматика

6. Берілген сөз тіркестері бойынша сөйлем құрыңыздар.

Ұрпақ  
Адамдармен  
Ата-анасын  
Ұрпақтан-ұрпаққа

мұра  
тәрбиесі  
қарым-қатынас  
құрметтеу

7. Мәтіннен септік жалғауында тұрған сөздерді теріп жазыңыздар.

8. Мәтіннен қос сөздерді тауып жазыңыздар.

9. Мәтінде берілген «мәдениеттілік, әдептілік, ақыл, қайрат» сөздерімен сөйлем құрыңыздар.

10. Мәтіннен себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді көшіріп жазыңыздар.

11. Ақпарат алдыңыздар.

Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді / білейін деп едім
1	Менің «Отбасы тәрбиесі» тақырыбы бойынша сөздік қорым мол.	Қазақ дәстүріндегі ұрпақ тәрбиесі туралы ақпарат алдым.	Басқа халықтардың да салт-дәстүрін білгім келеді.
2			
3			
4			



**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

ботам  
аға  
әпке

**12. Монологті тыңдаңыздар**

**«Сіз» деп сөйлеу – әдептілік**

Маған кішкентай інім Сағдат: «Сен менімен бірге балабақшаға барасың ба?», – деді. «Ағаңа «сен» деме, «сіз» деп сөйле», – деді оған әкем.

– Балабақшадағы балалар әкесі мен шешесіне «сен» деп сөйлейді ғой. Олар дұрыс айтпай ма?

– Ботам, әрбір халықтың өз дәстүрі бар. Қазақ дәстүрінде жасы кіші адам үлкендерге, ата-анасына, ағасы мен әпкесіне «сіз» деп әдептілік көрсетуі керек. «Сіз» деген сөз – біздің мәдениетімізде сыпайылықтың, жақсы тәрбиенің белгісі. Сөзіңнің де, мінезіңнің де сыпайы болғаны абзал.

**13. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Кішкентай Сағдат ағасына не деп айтты?
- 2) Әкесі Сағдатқа қалай жауап берді?
- 3) «Сіз» деп сөйлеу ненің белгісі?

**14. Сендер сұхбат мәтініне қандай тақырып берер едіңіздер?**

**15. Сұхбаттан бір сөйлемді алып, оны топтағы достарыңызға түсіндіріңіздер.**

**Үлгі:**

Сөйлем	Түсіндіру
«Сіз» деген сөз – біздің мәдениетімізде сыпайылықтың, жақсы тәрбиенің белгісі.	Үлкен адамдарға деген құрмет, сыйластық «сіз» деген сөйлеу әдебінен байқалады. Одан адамның отбасында жақсы тәрбие алғандығы және жүріс-тұрысының мәдениеті көрінеді.

**16. Негізгі мәтін мазмұнына сәйкес «Сөйлеу әдебі» туралы мәтін жазыңыздар.**

17. «Отбасы әдебі» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



18. Төмендегі кесте бойынша сөйлем құрыңыздар.

Зат есім	Сын есім	Етістік
отбасы жастар адам	өнегелі әдепті мәдениетті	тәрбие алу болу керек болу

19. «Жақсы мінез» тақырыбына мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді пайдаланып, полилог құрыңыздар.

**Мақал-мәтелдер:** Адамгершілік болмай, әділдік болмас.  
Сіз» деген әдеп, «біз» деген көмек.

**Фразеологизмдер:** Қой аузынан шөп алмас.  
Алтын адам.



## 20. Сурет бойынша мақал құрастырыңыздар.

Ата – \_\_\_\_\_,

Бала – \_\_\_\_\_.



## 21. Сұрақтарға жауап берейік.

- 1) Плеер тыңдағанды ұнатасыз ба?
- 2) iPod-тан қандай бағдарламаларды тыңдайсыз?
- 3) Телефонмен қазақша сөйлесе аласыз ба?
- 4) MP4/MP3-тен қандай әндерді тыңдағанды жақсы көресіз?
- 5) «Сүйікті бағдарламаңыз» туралы әңгімелеп беріңіз.

## 22. Мәтінді толықтырыңыздар.

Мен плеер тыңдағанды ұнатамын. Мені жастарға арналған бағдарламалар қызықтырады. Мен үнемі \_\_\_\_\_ Samsung Smart TV теледидарынан \_\_\_\_\_ бағдарламасын тамашалаймын. Достарымды 3D фильмін көруге шақырамын.

## 23. Радиобағдарламалармен танысайық. «Шалқар» радиосының бағдарламасы.

09.00	«Таңшолпан» бағдарламасы
09.30	Жаналықтар
10.30	«Саз әлемі» бағдарламасы
11.00	«Мүмкін емес» теле-шоу бағдарламасы
12.30	«Шал» көркем фильмі

## 24. Осы үлгіні пайдаланып, өздеріңізге ұнайтын радиобағдарлама жасаңыздар.

## 25. Мәтінді толықтырыңыздар.

Бүгін \_\_\_\_\_ телеарнасынан «Шал» көркем фильмін \_\_\_\_\_ . Немересінің атасына деген қамқорлығы мен ыстық ықыласы жайлы сюжетті \_\_\_\_\_ . Маған бұл \_\_\_\_\_ ұнады. Енді қазақ фильмдерін үзбей көретін боламын.

Мені қызықтыратын ақпараттар.

“Хабар” фильм тамашаладым көрдім

## 26. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сіздің сүйікті радиобағдарламаңыз қандай?
- Сіз радиобағдарламаларды үзбей тыңдайсыз ба?
- Сіздің сүйікті радиобағдарламаңызда ата-ана мен бала қарым-қатынасы туралы мәселе айтыла ма? Ол бағдарлама қалай аталады?

Жазамыз

## 27. Бос орынды толтырыңыздар.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Бұл сөздер жастарды адамгершілікке, әдептілікке және мәдениеттілікке үндейді.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Сөзіннің де, мінезіннің де сыпайы болғаны абзал.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Халықтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөзі бар.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Әдептілікті, мәдениеттілікті білдіретін «аса қадірлі», «құрметті», «ардақты» сөздерінің мәні зор.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Ұрпақ тәрбиесі – салт-дәстүрдің маңызды бөлігі.

Азиза: — \_\_\_\_\_ ?

Байрам: — Үлкенді сыйлау, ата-анасын құрметтеу, достарына адал болу – барлық халықтарда бар дәстүр.

## 28. Мына сөйлемді үш сөйлеммен беріңіздер.

*Отбасы мүшелерінің әдебі үлкендер мен кішілердің сөзінен, ісінен, бір-біріне қарым-қатынасынан байқалады және әдепті адамдар көңілді жүреді, басқаларға жақсы, өнегелі сөз айтады.*

## 29. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

Талант – адамның бір-ақ қыры. Ол – ақындық, әншілік, шешендік, күйшілік, сазгерлік және т.б. Ал адамның өсіп-өнуі үшін мол қайрат, көп еңбек, биік адамгершілік, отан алдындағы парыз, терең білім қажет. Оқысаң – көп білесің, көп білсең – алға қойған мақсатыңа жетесің. Егер әрбір адам жомарт, қарапайым, сезімтал болса, оның маңайына жақсылар көп жиналады да үлкен тұлға болып қалыптасады.

(«Аңыз адам» журналынан)

### 30. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Талантты адам қандай болуы керек?
- \_\_\_\_\_
- Адамның өсіп-өнуі үшін не қажет?
- \_\_\_\_\_
- Егер білімді болсаң, қандай биіктіктерге қол жеткізуге болады?
- \_\_\_\_\_

### 31. Төмендегі эмоция-экспрессиялық реңкті сөздермен диалог құрыңыздар.

#### Эмоция-экспрессиялық сөздер:

әкетай, әжетай, ағатай, шырағым, ағажан, Сәулетай, құлыным, айналайын, аташым, ботам, Айсұлужан, көкежан, күнім, айым.

- Үлгі:**
- *Ағатай, сізге шай дайындап әкелейін бе?*
  - *Айсұлужан, қамқорлығыңа рақмет, маған кофе әкелсең, жақсы болар еді.*

### 32. Берілген есімдерді еркелету мағынасында айтыңыздар.

Мұрат – Мұратжан

Сәуле – \_\_\_\_\_

Айсұлу – \_\_\_\_\_

Әсем – \_\_\_\_\_

Болат – \_\_\_\_\_

Күміс – \_\_\_\_\_

### Эссе жазып үйренеміз

#### Эссе тақырыбы: Әлеуметтік психологтің рөлі

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

#### ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІН!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы

Жоспар (5 мин.)

Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны - 250.

- белгілі бір тақырып бойынша ойын тарқату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)

1. ....
2. ....
3. ....

- мәселенің өзектілігі  
- өз ойын дәлелдеу  
- ой түйінін жазу

## Тақырып: Әлеуметтік психологтің рөлі

### • «Ой ұшқындары»



### • Жоспар

#### I. Кіріспе

Әлеуметтік психологтің рөлі.

#### II. Негізгі бөлім

1. Әлеумет және психолог. Қоғамдағы психологиялық мәселелер.
2. Психолог – адам жанын түсінуші.

#### III. Қорытынды

Психолог мамандығы сұранысқа ие.

### Тақырып мазмұны

1-бөлім	<b>Кіріспе</b> Әлеуметтік психолог қоғамда аса маңызды орынға ие. Психолог адамның сезімін, көңіл-күйін _____.
2-бөлім	<b>Негізгі бөлім</b> XXI ғасырда қоғамда түрлі саяси, әлеуметтік, діни өзгерістер қарқынды дамып жатыр. Сол себепті психологтің әлеуметтік рөлі жоғарылауда. Біріншіден, _____. Екіншіден, _____. Менің ойымша, психолог – адам жанын жақсы түсінеді.
3-бөлім	<b>Қорытынды</b> Қазіргі заманда психологтер жоғары сұранысқа ие. Себебі _____, өйткені _____. Сондықтан _____. Сол себепті _____. Өйткені _____.

### • Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

## 33. Кестедегі сөздерді септеніздер, сөз тіркестерін құрыңыздар.

Септік	тәрбие	ата-анам	туыс	өсиет	ақыл	үлгі	салт-дәстүр
Атау	<i>тәрбие</i>						
Ілік	<i>тәрбиенің</i>						
Барыс	<i>тәрбиеге</i>						
Табыс	<i>тәрбиені</i>						
Жатыс	<i>тәрбиеде</i>						
Шығыс	<i>тәрбиеден</i>						
Көмектес	<i>тәрбиемен</i>						

**Үлгі:** *жақсы тәрбие*

## 34. Төменде берілген қос сөздермен сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:** *Тәрбиелі бала – ата-ананың бақыты.*

**Қос сөздер:** қарым-қатынас, салт-дәстүр, әке-шеше, туыс-бауыр, ақыл-кеңес

## 35. Сөздердің құрамындағы жалғауларды белгілеңіздер?

**Үлгі:** *Ата-ана+ның, тәрбие+сі*

Отбасы мүшелерінің әдебі, үлкендер мен кішілердің сөзі, үлкендердің ісі, қазақ халқының әдебі, халқымыздың салт-дәстүрі, өзінің ата-анасы, баланың тілі, жоғары оқу орнының студенті, мекеменің маманына

36. Көсемшенің жұрнағын анықтаңыздар.

**Үлгі:** құрметпен қара+п (-п көсемше жұрнағы)

- құрметпен қарап
- басқаларды сыйлап
- ата-анасын құрметтеп
- адал болып
- жақсы өмір сүріп
- ұрпақты тәрбиелеп
- тез үйреніп
- балаларына алғыс айтып
- көңілді жүріп
- мәселелерді бірге шешіп
- қонақтарды қарсы алып

37. Етістіктің болымды түрінен болымсыз түрін жасаңыздар.

**Үлгі:** оларды сыйлапты – оларды сыйла+ма+п+ты  
адал болыпсың – адал бол+ма+п+сың

- тәрбиелепті –
- үйреніпсің –
- алғыс айтыпшыз –
- қарсы алыпты –
- үнемдепсіздер –
- құрметтепті –
- әділ болыпты –
- өлең шығарыппын –

38. Жалпылау есімдіктерін қажетті сөздермен тіркестіріп жазыңыздар.

1. Отбасы мүшелерінің бәрі, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_
2. Балалардың барлығы, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_
3. Барлық адамдар \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_

39. Синонимдермен сөз тіркестерін құрып жазыңыздар.

Ақылды – парасатты, әдепті – мәдениетті, дүниеге келу – туу, көңілді – ақжарқын, ерекше - өзгеше.

**Үлгі:** Ақылды әке – парасатты ана



3

## СПОРТТЫҢ ПАЙДАСЫ





Тыңдаймыз. Оқимыз



### 1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.

дене, жан, тіршілік, өмір сүру, денсаулық, ауру, науқас адам, сау адам, тамақ, медициналық қызмет, ем, дәрі, дәрумен, дәрігер, диетолог, терапевт, ғылым, сұхбат, ақпарат, саламатты өмір, халық емі, технология, әлеуметтік жағдай, кеңес

### 2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

### 3. Мәтінді оқыңыздар.

- Медициналық қызмет көрсету
- Жаңа технологияларды енгізу
- Саламатты өмір салты

#### Спорттың пайдасы

Адам денсаулығы – баға жетпес байлығымыз. Сол себепті халқымызда «Денсаулық – зор байлық» деген қанатты сөз тегін айтылмаған.

XXI ғасырда адамдардың әлеуметтік жағдайы біршама жақсарды деп айтуға болады. Біздің елімізде халыққа медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Денсаулық саласына озық технологиялар енгізілді, заманауи диагностикалық орталықтар ашылды және емханалар мен ауруханалар жаңа заман талабына сай жабдықталып жатыр.

Елімізде саламатты өмір салтын насихаттау жұмыстары да жақсы жолға қойылған. Қалалар мен ауылдарда спорт кешендері салынып жатыр. Қазір адамдар спорттың пайдалы екенін біледі, сондықтан спортпен көп шұғылданады. Олар түрлі спорттық жарыстар мен іс-шараларға қатысады.

Қазір адамдар Интернет материалдарын көп оқып, одан медициналық және халық емдері, шөптік және табиғи дәрі-дәрмектер туралы ақпараттар алады. Адамдардың дәрігерлерден тікелей кеңес алу мүмкіндіктері де бар. Қазіргі жастар темекі шегу, арак ішу сияқты әдеттердің адам денсаулығына зиянды екенін түсініп келе жатыр. Олар дұрыс тамақтану, ағзаны шынықтыру, тазалықты сақтау керектігін жақсы біледі.

Саламатты өмір сүру салты адамның негізгі қағидасына айналған.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІНІ!

ғасыр  
өмір сүру жасы  
қызмет  
заман талабы  
жасөспірім

4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Елімізде халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?
- 2) Саламатты өмір салты дегеніміз не?
- 3) Интернет материалдарынан қандай ақпараттар алуға болады?

Грамматика

6. Мәтіннен төмендегі формада берілген тіркестерді табыңыздар, сөйлем құрыңыздар.

Сын есім + зат есім

Үлгі: медициналық қызмет

Зат есім + етістік

Үлгі: ағзаны шынықтыру

7. Қажетті етістіктерді қойыңыздар.

- 1) Халықтың денсаулығын \_\_\_\_\_.
- 2) Халықтың әлеуметтік жағдайын \_\_\_\_\_.
- 3) Саламатты өмір салтын \_\_\_\_\_.
- 4) Озық технологияларды \_\_\_\_\_.
- 5) Спорттық жарыстар мен іс-шараларды \_\_\_\_\_.

ұйымдастыру  
сақтау  
ұстану  
жақсарту  
пайдалану

8. Сөз тудырушы жұрнақтарымен (-лық//-лік, -дық//-дік, -тық//-тік) жасалатын сөздер тізімін жасаңыздар. Сөз тіркестерін құрыңыздар.

спорттық

спорттық киім

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

9. «XXI ғасыр», «Интернет материалдары» тіркестерімен саламатты өмір салтына қатысты сөйлемдер жазыңыздар.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



## 10. Ақпарат алдыңыздар.

Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	Менің «Денсаулық – зор байлық» тақырыбы бойынша сөздік қорым мол.	Адамдардың әлеуметтік жағдайының жақсарғаны туралы ақпарат алдым.	Адам ағзасына пайдалы шөптік дәрілер туралы білейін деп едім.
2			
3			
4			

## 11. Мәтіннен төмендегі берілген құрылым бойынша сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

Зат есім + тәуелдік жалғаудың III жағы

+

Етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғаудың III жағы

Үлгі: *денсаулығы жақсарғанды*

Оқимыз

## 12. Монологті оқыңыздар. Диалогке айналдырыңыздар.

### Ұзақ өмір сүру

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, дүниежүзінде ер адамдар 78 жасқа дейін, ал әйел адамдар 84 жасқа дейін ұзақ өмір сүреді екен. Біздің елімізде соңғы жылдары жүз жасаған қарт адамдар туралы мәлімет жиі беріледі. Олардың ұзақ өмір сүру құпиясы – үнемі қозғалыста болу, жаяу жүру, таза ауада демалу, еңбек ету және дұрыс тамақтану.

Біз ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Әрине, олардың адамдарға беретін пайдасы мол, алайда зияны да бар. Мысалы, компьютердің алдында ұзақ отыру – денсаулыққа зиян.

Ұзақ өмір сүргің келсе, мына пайдалы кеңестерді білгенің дұрыс:


1. Күнделікті ас мәзірінде көкөніс пен жеміс-жидектің мол болғаны дұрыс.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

ұзақ өмір сүру құпия денсаулыққа зиян пайдалы кеңес



16. «Медициналық қызмет» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



17. Берілген қимыл сын және себеп бағыныңқылы құрмалас сөйлемдерді аяқтаңыздар.

1. Денсаулық саласына озық технологиялар енгізіліп, .....
2. Адамдар спорттың пайдалы екенін біледі, .....
3. Қазір адамдар Интернет материалдарын көп оқып, .....

18. Кестедегі сөздермен сөйлем құрыңыздар.

Зат есім	Етістік
шахмат	ойнау
дәрігер	емдеу
дәріхана	сатып алу
емхана	бару
спорт	айналысу
жеміс-жидек	жеу

19. Мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді пайдаланып, “Дені саудың – жаны сау” тақырыбына полилог құрыңыздар.

**Мақал-мәтелдер:** 1. Денсаулық – зор байлық.  
2. Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі.

**Фразеологизмдер:** 1. Тенсе темір үзеді.  
2. Жүзіктің көзінен өткендей.

20. Сурет бойынша мақал-мәтел құрастырыңыздар.

*Денсаулық* - \_\_\_\_\_.



Хат жазып үйренеміз

21. Факс мәтінімен танысыңыздар.

• Факс жібереміз.

Спорт және туризм басқармасы

**Ақпараттық хат**

2013 жылғы наурыздың 27-сі күні Қызылжар қаласында велосипед спорты бойынша республикалық жарыс өтеді. Жарысқа қатысушылар *belosport-2013.KZ* электрондық поштасына наурыздың 20-на дейін өтінім жіберулері тиіс.

Байланыс телефоны: 8 (7152) 72-11-19, факс: 8 (7152) 25-55-83

Басқарма әкімшілігі

Мерзім: 13.03.2013

Уақыты: 11.00

22. Жоғарыда көрсетілген факс үлгісін алып, өздеріңіз факс мәтінін құрыңыздар.

**Мына нұсқауларды есте сақтаңыздар:**

- Факс мәтіні өте қысқа болады
- Негізгі мәселе туралы қысқаша хабарлайды
- Факс нөмірі көрсетіледі



Жазамыз

23. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

*Ахмет:* – \_\_\_\_\_ ?

*Биназер:* – Дүниежүзінде ер адам 78 жасқа дейін өмір сүреді.

*Ахмет:* – \_\_\_\_\_ ?

*Биназер:* – Ал әйел адамдар 84 жасқа дейін өмір сүреді.



- Ахмет:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Биназер:* – Волейбол ойнау – менің сүйікті ісім.  
*Ахмет:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Биназер:* – Велосипед тепсең, денең шынығады.  
*Ахмет:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Биназер:* – Күнде жаттығулар жасап, таза ауада жиі қыдыру керек.

**24. Мына сөйлемдерді үш сөйлемге бөліп жазыңыздар.**

Қазір адамдар Интернет материалдарын көп оқып, одан медициналық және халық емдері, шөптік және табиғи дәрі-дәрмектер туралы ақпараттар алады, олардың дәрігерлерден тікелей кеңес алу мүмкіндіктері де бар.

Қазіргі жастар темекі шегу, арақ ішу сияқты әдеттердің адам денсаулығына зиянды екенін түсініп келе жатыр және дұрыс тамақтану, ағзаны шынықтыру, тазалықты сақтау керектігін де жақсы біледі.

**25. Полилогті оқыңыздар. Мазмұнын айтып беріңіздер.**

**Олимпиада жеңімпазымен сұхбат**

- Тілші:* – Серік өзіңіздің мінезіңізді үш сөзбен сипаттай аласыз ба?  
*Серік:* – Әрине, мен мейірімдімін, сенгішпін, адалмын.  
*Тілші:* – Сіз қандай әуенді тыңдағанды ұнатасыз?  
*Серік:* – Жеңіл рок әуендерін тыңдағанды ұнатамын.  
 Халық әндерін де жақсы көремін. Ән тыңдау адам денсаулығына пайдалы ғой.  
*Тілші:* – Спортта жеңіске жету үшін қандай жаттығулар жасайды?  
 Бір күнгі жұмыс кестеңізбен таныстырыңызшы.  
*Серік:* – Таңғы сағат 7.00-де ұйқыдан тұрып, 7.30-ға дейін жаттығу жасаймын. Далаға шығып серуендеймін.  
 Осылайша бір күнгі жұмыс кестем жалғаса береді.  
*Тілші:* – Сүйікті үш затыңызды атай аласыз ба?  
*Серік:* – Елбасы сыйлаған қолсағатым, олимпиададан алған төсбелгім және ұялы телефоным.  
*Тілші:* – Темекі шегесіз бе?  
*Серік:* – Жоқ, темекі шегу денсаулыққа зиян.  
*Тілші:* – Сұхбатыңызға рақмет.  
*Серік:* – Сау болыңыз!

**26. Қанша сөз білесіз! Өзіңізді тексеріңіз.**

1. Мемлекет: қоғам, .....
2. Сәнгер-дизайнер: талғам, әшекейлер, .....
3. Мамандық: әнші, жазушы, .....
4. Отбасы: дәстүр, әке тәрбиесі .....

**Эссе тақырыбы:** Адам өмірі дәрігердің қолында  
Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны -250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

## ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

**Тақырып:** Адам өмірі дәрігердің қолында

### • «Ой ұшқындары»

*аурухана, емхана*

*емдік шаралар*

*науқас адам*



*хирург, терапевт,  
тіс дәрігері.*

*қажетті  
мамандық*

*емдеу*

### • Жоспар

#### I. Кіріспе

Дәрігердің қоғамдағы рөлі.

#### II. Негізгі бөлім

1. Медицина саласындағы жаңалықтар.
2. Сапалы медициналық қызмет көрсету.
3. Дәрігер және адам өмірі.

#### III. Қорытынды

Тәжірибелі де білікті дәрігерлерге сұраныс жоғары.





• Тақырып мазмұны

<b>1-бөлім</b>	<b>Кіріспе</b> Дәрігер мамандығы қоғамға қажет. Өйткені адам өмірі _____.
<b>2-бөлім</b>	<b>Негізгі бөлім</b> Қазіргі уақытта еліміз халық денсаулығына ерекше көңіл бөлуде. Сондықтан да медицина саласында түрлі жаңалықтар болып жатыр. Атап айтқанда, _____. Елімізде сапалы дәрігерлік қызмет көрсету үшін, алдымен _____. Өйткені дәрігер адам өмірі үшін _____.
<b>3-бөлім</b>	<b>Қорытынды</b> Тәжірибелі де білімді дәрігерлер әрқашан қажет. Біріншіден, _____. Екіншіден, _____. Сондықтан _____.

• Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

27. Сын есім тудырушы жұрнақтардың астын сызыңыздар.

№	-тық -тік	-дық -дік	-лық -лік
1	ұлттық	қоғамдық	дүниежүзілік
2	әлеуметтік	ауылдық	қалалық
3	спорттық	жылдық	республикалық
4	ақпараттық	тілдік	апталық
5	бюджеттік	әлемдік	айлық
6	жолдастық	синонимдік	халықаралық

28. Төмендегі сөз тіркестерінен тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауларын табыңыздар. Олармен сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:** Біздің қаламызда спорт кешен + і салын + а + ды.

Спорт залы салынады, жасы ұзарады, денсаулығы жақсарады, пайдасы тиеді, денсаулығы нашарлайды, ақшасы көбейеді

29. Төмендегі үлгіге қарап, негізгі етістік жұрнақтарының астын сызыңыздар. Сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:** Арман «Абай жолы» романын оқып шықты.

№	Етістік + <u>п</u> <i>шық</i> құрылымы	Етістік + <u>ған</u> <i>еді</i> құрылымы	Етістік + <u>атын</u> <i>еді</i> құрылымы
1	кір+ <u>іп</u> шықты	кел+ <u>ген</u> еді	сөйле+ <u>йтін</u> еді
2	жаз+ <u>ып</u> шықты	жаз+ <u>ған</u> еді	жаз+ <u>атын</u> еді
3	айт+ <u>ып</u> шықты	кет+ <u>кен</u> еді	кет+ <u>етін</u> еді

оқып  
жазып  
амандасып  
сәлем беріп  
бітіріп  
тапсырып  
кіріп

} шық

айтқан  
жазған  
оқыған  
шақырған  
сатып алған  
жұмыс істеген  
айтатын

} еді

**30. Берілген етістіктерді жедел өткен шақтың жекеше түріне өзгертіңіздер.**

**Үлгі:** оқып шықтық

- I Мен оқып шықтым
- II Сен оқып шықтың
- III Сіз оқып шықтыңыз
- IV Ол оқып шықты.

**Етістіктер:** жазып шықтық, аударып шықтық, орындап шықтық, беріп шықтық, сөйлесіп шықтық, тапсырып шықтық

Мен			
Сен			
Сіз			
Ол			

Мен			
Сен			
Сіз			
Ол			

**31. Көп нүктенің орнына негізгі етістікті қойыңыздар.**

1. Мен кітапты \_\_\_\_\_ шықтым. 2. Сен хатты \_\_\_\_\_ шықтың. 3. Арман үлкендермен \_\_\_\_\_ шықты. 4. Келген қонақтарға \_\_\_\_\_ шықтыңдар ма? 5. Олар университетті жақсы \_\_\_\_\_ шықты. 6. Менің қызым кеше емтихан \_\_\_\_\_ шықты. 7. Тіл үйренушілер берген тапсырманы тез \_\_\_\_\_ шықты. 8. Досыммен бірге көрші үйіне \_\_\_\_\_ шықтым.

**Негізгі етістік:** оқып, сәлем беріп, жазып, амандасып, бітіріп, тапсырып, кіріп, орындап

**32. Асты сызылған сөздердің антонимін тауып, көп нүктенің орнына қойып жазыңыздар.**

Спортпен шұғылдану адам ағзасына пайдалы, ал темекі шегу \_\_\_\_\_ .  
 Соңғы жылдары ауру адамдарға қарағанда, \_\_\_\_\_ адамдардың саны артып келеді. Спорт кешені біздің үйден алыс емес, \_\_\_\_\_ . Адамдардың өмір сүру жасы ұзарды, аурулардың саны \_\_\_\_\_ .

**Антоним сөздер:** зиянды, сау, жақын, қысқарды

### 33. Құрмалас сөйлемді екі жай сөйлеммен айтыңыздар.

**Үлгі:** *XXI ғасырда адам денсаулығы жақсарды.  
Олардың өмір сүру жасы ұзара бастады.*

1. XXI ғасырда адам денсаулығы жақсарып, олардың өмір сүру жасы ұзара бастады.
2. Денсаулық саласына озық технологиялар енгізіліп, жаңа диагностикалық орталықтар ашылды.
3. Адамдар дене жаттығуының пайдалы екенін түсініп, спортпен көп айналыса бастады.
4. Қалалар мен ауылдарда спорт кешендері салынып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр.



4

БАҚЫТТЫ ӨМІР СҮРУ



## Тыңдаймыз

**1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.**

адам, ер адам, әйел адам, зиялы адам, жігіт, қыз, ой-ниет, эмоция, сезім, ерік-жігер, арман, бақыт, қуаныш, достық, мәдениет, сенім, шешім, ұят, өкініш, реніш, іскер, кәсіп, қызығушылық, мүдде, ынта, балалық шақ, жасөспірім шақ, жастық шақ, ересек шақ

**2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.****3 Мәтінді оқыңыздар.**

- **Адамның ең бақытты кезі: балалық шағы, жасөспірім шағы, жастық шағы және есейген шағы**

**Бақытты өмір сүру**

Адам өмірін бірнеше кезеңге бөлуге болады. Олар: балалық шақ, жасөспірім шақ, жастық шақ және ересек шақ.

Барлық адамдар өмірге нәресте болып келеді. Адамның балалық шағы қызықты өтеді. Жасөспірім шағында мектепке барып, білім алып, тұлға болып қалыптаса бастайды.

Жастық шағында өмірді таниды, өзінің қалаған мамандығын таңдап алады.

Адам есейген уақытында өз отбасын құрады. Оқыған мамандығы бойынша қызмет істейді. Балалы болып, «әке-шеше» деген атқа ие болады. Өз ұрпағын тәрбиелеп, ата-анасына қамқор болады.

Менің анам қазір 40 жаста. Шешем – іскер және білімді әйел. Оның жеке фирмасы бар. Ол – еңбекқор адам, жұмыста қатал басшы. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғары.

Ол өзін бақытты адам деп санайды, өйткені өзіне ұнайтын жұмысы бар, мейірімді балалары мен сүйкімді, кішкентай немерелері бар. Оның әріптестері – жақсы адамдар. Олар бір-бірін сыйлайды. Менің анам өзінің өміріне өкінбейді, ренжімейді.

Мен де бақыттымын, өйткені менің сүйікті анам және тату-тәтті тұратын отбасым бар. Әріптестерімнің арасында да беделім жоғары.

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!**

*балалық шақ  
тұлға  
жастық шақ*

4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Адам өмірі қандай кезеңдерден тұрады?
- 2) Адамдар балалық шағын қалай өткізеді?
- 3) Адам жасөспірім және жастық шағында не істейді?
- 4) Есейген уақытында немен айналысады?
- 5) Сіз «бақыт» дегенді қалай түсінесіз?

Грамматика

6. Мәтіндегі жалпы есімдерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: *нәресте*

7. Мәтіннен берілген үлгідегі сөз тіркестерін жазыңыздар.

Зат есім + ілік септігі + зат есім + тәуелдік жалғаудың III жағы

Үлгі: *адамның бақыт-ы*

Сын есім

+

Зат есім

Үлгі:

*мейірімді немерелері*

8. Мәтіндегі дара және күрделі етістіктерді жазыңыздар.

Үлгі:

*өтеді, ....., ....., .....*

*таңдап алады, ....., ....., .....*

9. Берілген үлгі бойынша сөз тіркестерін жазыңыздар.

Олармен сөйлем құрыңыздар.

таңда + -п

+

алады

Үлгі:

1) мамандық таңдап алады

2) Менің досым өзінің қалаған мамандығын таңдап алады

– жұмыс таңда+... алады

– іс таңда+... алады



**10. Етістіктерді болымсыз түрде жазыңыздар.**

ренжу –  
өкіну –  
ұнату –

**11. Адамның жас ерекшелігіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін оқыңыздар. Жуан, жіңішке түбірлі сөздерді екі бағанаға бөліп жазыңыздар.**

*Берілген сөздер мен сөз тіркестері:*

нәресте, бөбек, сәби, балдырған, бүлдіршін, жеткіншек, бала, бозбала, ұлан, жігіт, қыз бала, әйел, еркек, ана, әке, аға, көке, ата, апа, әже, қарт, қария, баба

жуан түбірлі сөз	жіңішке түбірлі сөз
балдырған	сәби

**12. «Шақ» сөзінің синонимін жазыңыздар, сөйлем құрыңыздар.**

**13. Өздеріңіз туралы ақпарат жазыңыздар.**

Өзіңіз туралы мағлұмат	
1	Аты-жөніңіз
2	Ата-анаңыздың аты-жөні
3	Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз
4	Балалық шағыңыз қай жерде өтті? (ауыл, қала)
5	Жасөспірім шағыңыз қай жерде өтті? (ауыл, қала)
6	Жастық шағыңыз қай жерде өтіп жатыр?
7	Қазақ тілін қай уақыттан бері оқып жүрсіз?
8	Мекенжайыңыз

**14. Ақпарат алдыңыздар.**

**Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.**

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	“Жеке тұлғаның мінезі және мамандығы” тақырыбына қатысты сөздік қорым бар.	«Бақытты өмір сүру» тақырыбы бойынша жаңа ақпарат алдым.	Бақыт туралы өлеңдерді, қанатты сөздерді білгім келеді.
2			
3			
4			

**15. Монологті оқыңыздар.**

**Ұшқыш Тоты**

Тоты Әмірова – ТМД елдерінен шыққан алғашқы ұшқыш әйелдердің бірі. Ол балалық шағын Шығыс Қазақстан өңірінде өткізген. Сол кездегі кішкентай қыздың арманы ұшқыш болу еді. Тотының бұл арманын ата-анасы да қолдады.

Ол 17 жасында Рига қаласына барып, авиация инженері мамандығын алу үшін оқуға түсті.

Тоты Әмірова – Қазақстандағы жалғыз ұшқыш әйел. Ол бала кезінен еңбекқор, талапты, талантты болып өскен. «Боинг-747» ұшағымен сан рет әуеге көтерілген. Ол «Эйрбас А-320» ұшағының командирі болған.

Адамның мінезі балалық шағынан қалыптасады. Тоты – сұлу, батыл әйел. Тоты – бақытты адам, өйткені оның бала кезіндегі арманы орындалды.

(“Жұлдыздар отбасы” журналы)

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ**

ұшқыш  
мамандық  
ұшақ

**16. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) «Бақыт» дегеніміз не? Ең бақытты адам қандай адам?
- 2) Құрбыңызды не досыңызды сипаттап, үш сөйлем жазыңыздар:
  - Ол туралы не жазғыңыз келеді?
  - Оның жақсы қасиеттері?
  - Ол бақытты адам ба?


**17. Суреттерді пайдаланып, Тоты туралы әңгімелеп беріңіздер.**



**18. Кестені толтырыңыздар.**

Іскер ана			Тоты		
мамандығы	жұмысы	отбасы	кәсібі	қызметі	отбасы

19. «Адам бақыты» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



20. Кестедегі сөздермен сөйлем құрыңыздар.

Зат есім	Етістік
әріптестер	орындау
жұмыс	алу
білім	жақсы көру
арман	істеу
қызмет	шұғылдану
кәсіп	сыйлау
немерелер	жүзеге асу

21. «Ел аузындағы адам» фразеологизмін пайдаланып, полилог құрыңыздар.

22. Өз пікірімізді айтайық!

«Теледидар бағдарламаларын тамашалау бәріне ұнайды. Теледидар арқылы жер шарында болып жатқан оқиғалармен танысасың, жаңалықтарды тыңдайсың, өзіңнің ұнататын киноларыңды көресің, ең тамашасы, әртістер мен әйгілі адамдардың өмірлері жайлы ақпарат аласың», – дейді сенің досың.

Телебағдарламалар көріп, сөйлеуге үйренеміз

Ол теледидаран тек қана ойын-сауық, ток-шоу бағдарламаларын көреді. Сен оған қандай бағдарламаларды көруге кеңес берер едің?

### 23. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

#### Менің кеңесім

- 1) Теледидардан \_\_\_\_\_ көруге болады.
- 2) Соның ішінде \_\_\_\_\_ туралы бағдарламалар көп.
- 3) Сен біліміңді жетілдіру үшін \_\_\_\_\_ көр.
- 4) Қазақ тілін үйренгің келсе, \_\_\_\_\_ арнасынан \_\_\_\_\_ бағдарламасын қара.
- 5) Қазақ тіліндегі сүйікті көркем фильмді тамашалағың келсе, \_\_\_\_\_.
- 6) Адамдардың өмірі, олардың тұрмыстық жағдайлары туралы \_\_\_\_\_ телеарнасынан түрлі бағдарламалар көруге болады.  
Олар: \_\_\_\_\_.
- 7) Халық әндерін естігің келсе, \_\_\_\_\_ карауға болады.
- 8) Әлемдегі және Қазақстандағы, жергілікті жаңалықтарды \_\_\_\_\_ беріп тұрады.
- 9) Денсаулықты сақтау бағдарламалары \_\_\_\_\_ көрсетіледі.

### 24. Теледидар арналарының бағдарламаларын тамашалаймыз.

Қандай телебағдарламаларды көресіңдер?	Қай уақытта?	Қандай телеарнадан қарайсыңдар?
«Елім менің»	Сенбі, 17.30	«Хабар»
«Бармысың, бауырым?»	Жексенбі, 18.20	«Қазақстан»

Жазамыз

### 25. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

Юлия: – \_\_\_\_\_ ?

Бақыт: – Адам есейген уақытында өз отбасын құрады.

Юлия: – \_\_\_\_\_ ?

Бақыт: – Оның мейірімді балалары мен сүйкімді, кішкентай немерелері бар.

Юлия: – \_\_\_\_\_ ?

Бақыт: – Анамның әріптестері – жақсы адамдар.

Юлия: – \_\_\_\_\_ ?

Бақыт: – Олар бір-бірін сыйлайды.

Юлия: – \_\_\_\_\_ ?

Бақыт: – Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғары.

## 26. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

балалық

кез

жасөспірім

кезең

жастық

шақ

## 27. Төмендегі сөздерге *-кер,- гер, -хана, -қор,-паз* жұрнақтарын жалғаңыздар.

ас, ем, кітап, дәрі, саз, еңбек, өнер, заң, кәсіп, іс, мейрам, дәм

## 28. Берілген туынды зат есімдердің жасалу жолдарын анықтаңыздар.

Үлгі: *біл+ім*

*Мамандық, әке-шеше, ата-ана, отбасы, басшы, әріптес, ұшқыш, ұйымдастырушы*

## 29. Болымсыз етістікті белгілеңіздер.

өкінбейді    күледі    ренжімейді    армандайды    қуанады    жыламайды

## 30. Өлең мәтінін түсініп оқыңыздар.

### Бақыт

Бақыт не? Дауа ма бір дертке нендей?

Ат па әлде өз қолыңнан ерттегендей?

Бар ма оның тұжырымды дәл жауабы,

Мысалы, екі де екі төрт дегендей?

Біреуге мансап бақыт, дәулет бақыт,

Біреуге бала бақыт, әулет бақыт.

Саулық бақыт, тірлік бақыт,

Ал маған сындарымен сәулетті уақыт.

(Ж. Молдағалиев)

## 31.

- Өлеңді оқып шығыңыздар.

- Өлең ішіндегі таныс емес сөздерді төменде берілген синонимдер арқылы түсініңіздер.
- Өлеңді қайталап оқып шығыңыздар.
- Өлең не туралы?
- Бакыт дегеніміз не? Сұраққа жауап беріңіздер.

дауа – ем  
 дерт – ауру  
 мансап – атақ, құрмет  
 дәулет – байлық  
 саулық – амандық  
 әулет – ұрпақ  
 тұжырым – қорытынды



### 32. Сөйлем ішіндегі асты сызылған сөздерді синонимдерімен ауыстырыңыздар.

1. Бурабайдың ауасы дертке дауа.
2. Ол мансап үшін өмір сүрді.
3. Ата-ана баласының амандығын ойлайды.
4. Жылдан-жылға дәулеті молайды.

### 33. Өзіңізді-өзіңіз тексеріңіз! Қанша сөз есіңізге түседі?

1. **Отбасы:** әке, жезде .....
2. **Тәрбие:** тәртіп, ақыл.....
3. **Білім:** оқу, жазу .....
4. **Денсаулық:** ауру адам, пайдалы .....
5. **Еркелету:** ботам, әжетай .....

**Эссе тақырыбы:** Байқоңыр – ел мақтанышы

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны – 250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

### ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІНІ!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.


## Тақырып: Байқоңыр – ел мақтанышы

### • «Ой ұшқындары»

ғарыш алаңы

ғарышкерлер

жетістік



ұшқыштар мектебі

сынақ алаңы

жағдайы

#### I. Кіріспе

Байқоңырдың тарихы мен жетістіктері

#### II. Негізгі бөлім:

1. Ғарышқа ұшқан тұлғалар
2. Ғарышкерлер мектебі

#### III. Қорытынды

Байқоңыр – ел байлығы.

#### Тақырып мазмұны

1-бөлім	<p><b>Кіріспе</b> Байқоңыр – ғарыш алаңы. Оның өз тарихы бар.</p> <p>Байқоңырдың жетістіктері де көп. Атап айтсақ, _____</p>
2-бөлім	<p><b>Негізгі бөлім</b> Ғарышқа тұңғыш ұшқан тұлға – Ю.Гагарин. Ол 1961 жылы 12 сәуірде әуеге алғаш жол ашты. Меніңше, ол _____. Біріншіден, _____. Екіншіден, _____.</p> <p>Ғарыш мектебінде тәжірибелі ұшқыштар мен ғарышкерлер дәріс оқиды. Олардың әрбіреуі – өз ісінің шебері. _____. Олар жас ғарышкерлерді даярлауда аянбай еңбек етіп жүр. Өйткені _____.</p>
3-бөлім	<p><b>Қорытынды</b> Байқоңыр – ел байлығы, сондықтан _____. Осы салаға білікті мамандар да дайындау қажет. Менің пікірімше, _____. Қорыта айтқанда, _____.</p>

- Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

### 34. Жалпы есімдермен сөз тіркестерін құрыңыздар

**Үлгі:** *адам өмірі*

Адам \_\_\_\_\_, жігіт \_\_\_\_\_, қыз \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ нәресте, \_\_\_\_\_ жасөспірім,  
 \_\_\_\_\_ бала, әйел \_\_\_\_\_, отбасы \_\_\_\_\_, үй \_\_\_\_\_, жұмыс \_\_\_\_\_,  
 әріптес, \_\_\_\_\_ сезім, \_\_\_\_\_ мәдениет, \_\_\_\_\_ ұят, арман \_\_\_\_\_, бақыт  
 \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ достық

### 35. Сөздерді ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы арқылы байланыстырып жазыңыздар.

1. Қазақстан... белгілі суретші ... . 2 Халық ... әйгілі әнші..... 3. Қазақ елі ... атақты режиссер.... 4. Көкшетау ... белгілі әртіс ... 5. Шешем.... көлігі ...
6. Әкем ... жеке фирма ... 7. Адам... жастық шағ ....8. Жеке тұлға ... өмір ...
9. Шәкірт ... арман .... 10. Адам ... мінез ....

### 36. Етістіктің + *й баста* құрылымының астын сызыңыздар. Сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:** *жұмыс істе + й баста + ды*

*Ол күзден бастап жұмыс істей бастады.*

**Етістіктер:** жұмыс істей бастады, ери бастады, жинай бастады, жиыла бастады, жаза бастады, жылына бастады, кірісе бастады, суи бастады, көріне бастады, жүре бастады, сөйлей бастады, қарай бастады

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



**37. Етістіктің + н ал құрылымының астын сызыңыздар.  
Сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** *Ол жақсы кітап таңдап алды.*

**Етістіктер:** таңдап алды, көріп алды, ұйықтап алды, сөйлесіп алды,  
жазып алды, көшіріп алды, демалып алды, тыңдап алды,  
ойланып алды, жинап алды, тамақтанып алды, тазалап алды

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

**38. Кестені дұрыс толтырыңыздар.**

-п, -ып, -іп + ал	-й + баста
демалып алды	істей бастады
іш... ал....	ойла... баста....
же... ал.....	сұра... баста...
тазала... ал....	қара... баста...
ойлан... ал...	жина... баста....
жина... ал....	сөйле... баста....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....





5

ТАБУФАТ СЫҰЫ



Тыңдаймыз. Оқимыз



### 1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.

табиғат, ауа-райы, ауылшаруашылығы, аймақ, аумақ, өлке, жер, топырақ, бидай, күріш, арпа, сұлы, жүгері, бұршақ, қызылша, сәбіз, диқан, нарық, егіс, егін, өнім, тары, майлы дақыл, дән, дақыл, азық-түлік, топырақ, тұқым

### 2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

### 3. Мәтінді оқыңыздар.

- Қазақстандағы ауылшаруашылығы саласы
- Қазақстан аймақтарының табиғат ерекшелігі
- Еліміздің солтүстік аймағы
- Сапалы бидай – әлемдік нарықта

#### Астықты аймақ

Қазақстанда ауылшаруашылығы саласы жақсы дамыған. Бұл саланың мақсаты – халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету. Еліміздің әрбір аймағы ауылшаруашылығын дамытуға өз үлесін қосып жатыр. Ақмола облысы – еліміздегі ірі агроөнеркәсіптік аймақ. Ал Павлодар облысында ауылшаруашылық өнімдерінің 300-ден астам ірі кәсіпорны бар.

Еліміздегі аймақтар Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік, Орталық деп бөлінеді. Осы аймақтардың табиғаты бір-бірінен ерекшеленеді, ауа райы да әртүрлі болып келеді.

Солтүстік аймақ картасында Қостанай, Петропавл, Көкшетау, Павлодар қалалары көрсетілген. Бұл өңірлер – астық өсіруге қолайлы жерлер. Солтүстік аймақтарда қыс ерте түсіп, қалың қар жауады. Қыс мезгілінде жиі боран соғады. Ал жазы өте қысқа әрі салқын болады. Осы қысқа уақытта егіншілер жер жыртып, егін егеді. Ал күзде диқандар астық, майлы дақылдар жинайды.

Қазақстан әлемдік нарыққа сапалы бидай шығарады. Басқа елдер Қазақстанның бидайын жоғары бағалайды.

Қостанай аймағы бидайдан көп өнім алады. Бұл өңірде іскер адамдар өзінің жеке кәсіпкерлігін ашқан.

Осы аймақтар еліміздің экономикасын дамытуға үлес қосып жатыр. Ауылшаруашылығының өркендеуі ел экономикасының дамуына ықпал етеді.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІНІ!

аймақ  
ауа райы  
егін егу  
жер жырту  
диқан

4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстанда ауылшаруашылығы саласы қалай дамыған?
- 2) Солтүстік аймақта қандай қалалар орналасқан?
- 3) Қазақстанның қай облысында ауылшаруашылық өнімдерінің 300-ден астам кәсіпорны бар?
- 4) Солтүстік аймақтың табиғаты қандай?
- 5) Қазақстан әлемдік нарыққа не шығарады?
- 6) Ауылшаруашылығының экономикаға әсері бар ма?

Грамматика

6. Мәтіннен көсемшені табыңыздар.


Үлгі: жау+а+ғы, қос+ып жаттыр,  
....., ....., .....

7. Төмендегі сөздердің антонимін жазыңыздар.

Жақсы →  
Жиі →  
Қысқа →

Ерте →  
Көп →  
Тірі →

8. Сөз тіркестерін құрыңыздар.



жаз  
ыстық  
күз  
салқын  
көктем  
жылы

9. Мәтіннен барыс, жатыс, шығыс септіктерінде тұрған сөздерді көшіріп жазыңыздар.

10. Төмендегі кестені толтырыңыздар.

Ауылшаруашылығы	Малшаруашылығы	Азық-түліктер
Бидай	Жылқы	Ұн өнімдері
.....	.....	.....
.....	.....	.....
.....	.....	.....



**11. Мәтіндегі жалпы, жалқы есімдерді теріп жазыңыздар. Олармен сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** Жалпы есім: *нарық, ...*  
Жалқы есім: *Қазақстан, ...*

*Қазақстан әлемдік нарыққа сапалы бидай шығарады.*

**12. Ақпарат алдыңыздар. Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.**

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Табиғат сыйы» тақырыбы бойынша менің сөздік қорым бар.	Қазақстанның ауылшаруашылығы саласы, оның ел экономикасына ықпалы туралы ақпарат алдым.	Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін ірі кәсіпорындар туралы ақпарат білгім келеді.
2			
3			
4			

**Тыңдаймыз**

**13. Ауыл, туған жер туралы қандай әндерді білесіздер?**

**14. Кітаптың бетін жауып, әнді тыңдаңыздар.**

**15. Кітаптың бетін ашып, оң бағанадағы сөздердің дұрыс нұсқасын қойып оқыңыздар.**

Әні: *Е.Хасанғалиевтікі*  
Сөзі: *Б.Тәжібаевтікі*  
Орындайтын: *Н.Нүсіпжанов*

**Ауылым – әнім**

Қайда жүрсем, туған \_\_\_\_\_,  
Сен \_\_\_\_\_ шығармысың!  
\_\_\_\_\_ дәурен құрған жерім,  
Көз алдымда \_\_\_\_\_!  
Ғашық едім қыр \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ тойым сенде өтеді.  
Сенде өткерген бір \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ не жетеді!

көлім / жерім  
басымнан / есімнен  
бастық / жастық  
тұрармысың/  
барармысың

үніне/гүліне  
қиын/қызық  
күніме/үніме  
дүниеде/ауылда


**16. Әнді қайталап оқыңыздар. Сөздерді дұрыс қойдыңыздар ма? Өздеріңізді тексеріңіздер.**

- Әннің сөзін жазған кім?

- Әнін жазған кім?
- Әнді орындайтын кім?
- Ән не туралы? Өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.
- Ән мәтіні бойынша сұхбат құрыңыздар.

17. «Ауылым – әнім» өлеңінің бір шумағын өз сөздеріңізбен жазыңыздар.

18. «Табиғат» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



Хат жазып үйренеміз

19. Хат үлгісімен танысыңыздар. Оқыңыздар. Жазыңыздар

«Сары алтын» ЖШС-ның басшысы Н. Жанатұлына

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2013 жыл

*Құрметті Нұржан Жанатұлы мырза!*

Сізді және өзіңіз басқарып отырған «Сары алтын» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұжымының бас инженері мен директорын Астана қаласында өтетін халықаралық «EXPO – 2017» атты көрмесін ұйымдастыру мәселесіне қатысты мәжіліске шақырамыз.

Мәжіліс 2013 жылдың 25 мамыр айында, сағат 10.00-де Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында өтеді.

Құрметпен «Алтын сапа» кәсіпорнының басшысы Қ. Ақылбекұлы



*Қадірлі Қасым Ақылбекулы мырза!  
Сіздің «ЕХРО - 2017» көрмесін ұйымдастыру мәселе-  
сіне арналған мәжіліске қатысуға шақырған хаты-  
ңызды алдым. Міндетті түрде қатысамыз.  
Шақырғаныңыз үшін алғысымды білдіремін.*

*Құрметпен Нұржан Жанатұлы*

**20. Шақырухат мәтіні мен оған жауап мәтінін пайдаланып, университеттің профессор-оқытушылар құрамын халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шақырыңыздар.**

**Жазамыз**

**21. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.**

- Али: — \_\_\_\_\_ ?  
 Мирас:— Қазақстан аймақтарының ауа райы әртүрлі болып келеді.  
 Али: — \_\_\_\_\_ ?  
 Мирас:— Солтүстік аймақтарда қыс ерте түсіп, қар қалың жауады.  
 Али: — \_\_\_\_\_ ?  
 Мирас:— Осы қысқа уақытта егіншілер жер жыртып, егін егеді.  
 Али: — \_\_\_\_\_ ?  
 Мирас:— Қазақстан әлемдік нарыққа сапалы бидай шығарады.  
 Али: — \_\_\_\_\_ ?  
 Мирас:— Басқа елдер Қазақстанның бидайын жоғары бағалайды.

**22. Берілген құрмалас сөйлемдерді екі жай сөйлеммен жазыңыздар.**

Еліміздің солтүстігінде қыс ерте түсіп, қалың қар жауады. Қыс мезгілінде ауа райы суық болса, ал жазда ауа райы біресе ыстық, бірде салқын болады. Осы қысқа уақытта егіншілер жер жыртып, егін егеді.

**23. Берілген үстеулердің синонимдерін жазыңыздар.**

- |       |   |   |
|-------|---|---|
| қазір | → | <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; display: inline-block;">         әлгінде<br/>ертеде<br/>әлсін-әлсін       </div> |
| жиі   | → |   |
| бұрын | → |   |

**24. Төмендегі сөздерден антонимдік қатар жасаңыздар.**

**Үлгі:**      қыс-жаз

салқын, бай, қысқа, жоғары, қара, шығару, ашу, төмен, ақ, жабу, ұзын, кедей, ыстық, енгізу

## **25. Мәтінді оқыңыздар.**

**Мәтіннің бастапқы ойы мен соңғы ойын анықтаңыздар.**

Қазақ елінің сапалы бидайы нарыққа шығарылады. Бидай солтүстік өңірдің қара топырақты жерінде өседі. Күн жылынған соң, егіншілер егін егуді бастайды. Жаз бойы бағып күтеді. Күзде астығын жинап өткізеді. Солтүстік аймақтарда қыс ерте түседі. Қыс мезгілінде диқаншылар егістікке қар тоқтатады. Қар еріген кезде, тыңайтқыштар себіледі. Сөйтіп, келесі көктемгі егістікке дайындық басталады.

## **26. Ойланып жауап беріңіздер.**

1. Нарыққа не шығарылады?
2. Бидай қайда өседі?
3. Күн жылынса, егіншілер не істейді?
4. Солтүстікте қыс қашан түседі?
5. Қыс мезгілінде диқаншылар не істейді?
6. Қар еріген кезде не себіледі?

## **27. Рөлге бөлініп оқыңыздар. Диалогке тақырып беріңіздер.**

**Диалогті монологке айналдырыңыздар.**

*Аңсар:* – Еламан, сен қайда жұмыс істейсің?

*Еламан:* – Мен диқаншымын, егін егумен айналысамын.

*Аңсар:* – Ауылда тұрасың ба?

*Еламан:* – Иә, мен ата-анаммен ауылда тұрамын, өйткені ауылда жұмыс көп.

*Аңсар:* – Көктем де келіп қалды. Жақында егін егу жұмыстары басталатын шығар.

*Еламан:* – Әрине, алдымен жер жыртамын, сосын егін егемін. Артынан тыңайтқыш себемін.

*Аңсар:* – Қандай дақылдар өсіресіз?

*Еламан:* – Бидай, сұлы, арпа, жүгері, бұршақ, ал көкөністен қызылша, сәбіз егемін.

Ал күзде астық жинаймын.

*Аңсар:* – Қандай еңбекқор адамсың!

*Еламан:* – Рақмет!

## **28. Төмендегі мақалдарды оқыңыздар. Естеріңізге**

**сақтаңыздар. Мақалдардан антонимдерді табыңыздар.**

1. Басы қатты болса, аяғы тәтті болар.
2. Көз қорқақ, қол батыр.
3. Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес.

## ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

**Эссе тақырыбы:** Агроном мамандығының болашағы бар ма? Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны – 250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

**Тақырып:** Агроном мамандығының болашағы бар ма?

• «Ой ұшқындары»

азық-түлік

астық

шетелде білім алу



ауылшаруашылығы

жер құпиясы

білікті маман

жаңа технология

Жоспар

**I. Кіріспе**

Астықты ел – бай ел.

**II. Негізгі бөлім:**

1. Ауылшаруашылығы саласы және агроном
2. Агроном – жер қамқоршысы

**III. Қорытынды**

Агроном мамандығының болашағы зор.

## Тақырып мазмұны

<b>1-бөлім</b>	<b>Кіріспе</b> Қазақстан – құнарлы жерге бай ел. Ол жерді тиімді пайдалану – мемлекетіміздің маңызды мақсаты. Менің ойымша, _____ _____. Астық – біздің байлығымыз. Сондықтан _____ _____.
<b>2-бөлім</b>	<b>Негізгі бөлім</b> Ауылшаруашылығы ел экономикасының негізі деп айтуға болады. Еліміздегі ауылшаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Өйткені _____. Агроном – жер және өсімдік әлемінің қамқоршысы. Ол – астық өнімдерін, өсімдіктерді өсірудің жолдарын жетік білетін маман. Сондықтан _____ _____ _____.
<b>3-бөлім</b>	<b>Қорытынды</b> Елімізде агрономдар өте аз. Себебі жастардың көбі заңгер, экономист _____. Өйткені _____. Агроном мамандығының болашағы зор деп есептеймін. Қорыта айтқанда, _____.

- Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.



29. Етістіктерді күрделі нақ осы шақтың жекеше түріне қойып жазыңыздар.

- Үлгі:** I. Мен өсіріп жаттырмын II. Сіз өсіріп жаттырсыз  
 II. Сен өсіріп жаттырсың III. Ол өсіріп жаттыр

Етістіктер: жер жырту, егін егу, жинау, шығару, өнім алу, тазалау

Мен				Мен			
Сен				Сен			
Сіз				Сіз			
Ол				Ол			

30. Етістіктерді күрделі нақ осы шақтың көпше түріне қойып жазыңыздар.

- Үлгі:** I. Біз өсіріп жаттырмыз II. Сіздер өсіріп жаттырсыздар  
 II. Сендер өсіріп жаттырсыңдар III. Олар өсіріп жаттыр

Етістіктер: жер жырту, егін егу, жинау, себу, өнім алу, тазалау

Біз				Біз			
Сендер				Сендер			
Сіздер				Сіздер			
Олар				Олар			

31. Жалпы және жалқы есімдерді екі топқа бөліп жазыңыздар.  
Жалпы есімдермен бес сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:** Менің елім астыққа бай.

Қазақстан, табиғат, аймақ, Қостанай, Көкшетау, қыс, жаз, уақыт, егіншілер, нарық, бидай, өңір, кәсіпкерлік, экономика, диқандар, ауылшаруашылығы, Қызылжар, Павлодар, Ертіс, Сырдария

Жалпы есімдер	Жалқы есімдер
_____	_____
_____	_____
_____	_____

**32. Төмендегі сөздерден антонимдік қатар жасаңыздар.**

**Үлгі:** қыс-жаз

Салқын - \_\_\_\_\_, бай - \_\_\_\_\_, қысқа- \_\_\_\_\_, жоғары- \_\_\_\_\_,  
 кара- \_\_\_\_\_, шығару- \_\_\_\_\_, ашу- \_\_\_\_\_, төмен- \_\_\_\_\_, ақ-  
 \_\_\_\_\_, жабу- \_\_\_\_\_, ұзын- \_\_\_\_\_, кедей- \_\_\_\_\_, ыстық- \_\_\_\_\_

**33. Сөздерді септіктің түрлеріне қарай топтап жазыңыздар.**

Аймақты, аумақтың, өлкеде, жермен, топырақты, бидайды, күрішпен, арпаға, сұлыны, жүгеріге, бұршаққа, қызылшамен, сәбіздің, диқандарда, нарықты, ерекшеліктерін, аймақтарында, қыстың, топырақпен, өзіне, бидайына, елдерде, жеке кәсіпкерлігін, тауарларына, ауылшаруашылығында, нарықтың, табиғатпен, еліміздің, ауыл адамдары, жазда

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

**34. Етістіктерді үлгі бойынша өзгертіп жазыңыздар, сөз тіркестерін құрыңыздар.**

**Үлгі:** Жер жыртылды – жыртылған жер

**Берілген сөздер:** егін егу, қызылша өсіру, тұқым себу, егін жинау, жер өңдеу, гүл өсіру, астық жинау, қаржы үнемдеу

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**35. Суретті сипаттап жазыңыздар.**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



6

СУ – ТИРШЛИК КӨЗИ





Тыңдаймыз. Оқимыз

**1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.**

табиғат, қоршаған орта, су, жер, теңіз, өзен, көл, аймақ, аумақ, өңір, көлшік, таза су, балық, қызыл балық, бекіре, жайын, қара уылдырық, сазан, қызыл уылдырық, балықшы, шабақ, балық шаруашылығы, өндіріс, өнім

**2. Басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.****3. Қазақстандағы теңіз, өзен, көл атауларын айтыңыздар.****4. Мәтінді оқыңыздар.**

- Өзендер мен көлдер – жер байлығы.
- Жайық өзені балыққа бай.
- Таза су – біздің болашағымыздың мәселесі.

**Су – тіршілік көзі**

Еліміздің табиғаты өте сұлу. Табиғатымыздағы өзендер мен көлдер жеріміздің байлығы болып саналады.

Су – тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ету мүмкін емес. Су – адамдарға, жан-жануарлар мен өсімдіктерге аса қажетті минералды зат.

Еліміздегі өзендер, көлдер мен теңіздерді сақтау – адамзаттың негізгі міндеті. Таза су – біздің болашағымыздың мәселесі.

Біздің өзендеріміз бен көлдерімізде балық көп болады. Әсіресе Жайық өзені мен Каспий теңізінде балықтың түрлері көп. Балық шаруашылығы Қазақстанның батыс өңірінде жақсы дамыған.

Теңіз жағасында тұратын балықшылардың негізгі кәсібі – балық аулау. Олар балықты көп өндіреді. Бекіре балығының қара уылдырығы адам денсаулығына пайдалы, алайда балықшыларды бекіре балығының жағдайы қатты ойландырады. Жайықтың бекіресі мен жайыны үнемі мемлекет бақылауында.

Еліміз көп жылдар бойы балық өнімдерін Әзірбайжанға, Ресейге, Орта Азия елдеріне нарыққа шығарады.

Өкінішке орай, біздің елімізде бірқатар экологиялық мәселелер туындап отыр. Олардың бірі – Арал және Каспий теңіздері

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

балық  
өнім  
бекіре  
жайын  
уылдырық

суының азаюы мәселесі. Екіншісі – теңіздер мен өзен-көлдер суының ластануы, ауаның бұзылуы. Бұл өзгерістер табиғаттың бұзылуына және адамның денсаулығына әсер етуде.

Осыған орай, ғалымдар мен экологтер қоршаған орта мәселелерін шешудің тиімді жолдарын қарастырып жатыр. Олардың мақсаты – экологиялық апаттағы көлдеріміз мен теңіздерімізді қорғап қалу, сұлу табиғатымызды сақтау.

**5. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?**

**6. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Сусыз тіршілік ету мүмкін бе?
- 2) Қазақстанның қай жерінде балық шаруашылығы жақсы дамыған?
- 3) Жайық өзенінде қандай балықтар бар?
- 4) Адам денсаулығына не пайдалы?
- 5) Балықшылардың негізгі кәсібі не?
- 6) Елімізде қандай экологиялық мәселелер бар?

Грамматика

**7. Мәтіннен мына құрылым бойынша берілген тіркестерді табыңыздар.**

егістік + -ып, -іп, -п

жатыр (отыр)

**Үлгі:** аула + п отыр

**8. Жоғарыдағы құрылым бойынша мәтін мазмұнына сәйкес сөз тіркестерін жазыңыздар, сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** балық аулап отыр

Теңіз жағасындағы ауылдың балықшылары балық аулап отыр.

**9. Берілген құрылым бойынша шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жазыңыздар.**

жай сөйлем -са//-се,

жай сөйлем

**Үлгі:** Егер су болмаса, онда тіршілік болмайды

10. Мәтіннен төмендегі құрылым бойынша сөйлемдерді көшіріп жазыңыздар.

Бастауышы зат есім + баяндауышы зат есім

Үлгі: *Су – тіршілік көзі.*

11. Ыңғайлас жалғаулық шылаумен берілген сөздерді мәтіннен тауып жазыңыздар, сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *көлдер мен өзендер*

*Балықшылар көлдер мен өзендерден балық аулайды.*

12. Мәтіннен мына құрылыммен берілген сөздерді табыңыздар, тіркес құрыңыздар.

есім сөздер

- лы//-лі  
- ды//-ді  
- ты//-ті  
- ғы, -гі

Үлгі: *пайда + лы            негіз+гі*  
*пайдалы кеңес        негізгі мәселе*

13. Мәтіннен қыстырма сөзбен берілген сөйлемді табыңыздар. Оны төмендегі қыстырма сөздермен алмастырып жазыңыздар.

*амал қанша, демек*

14. Мәтіннен тәуелдік жалғауының III жағында тұрған зат есімдерді көшіріп жазыңыздар.

Үлгі: *табиғат+ы, өзен+і, бекірет+сі*

---



---



---



---



---



---



---

## 15-жаттығу. Ақпарат алдыңыздар.

Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Табиғат», «Өсімдіктер мен жан-жануарлар» туралы сөздік қорым бар.	Балық шаруашылығы туралы ақпарат алдым.	Экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын білгім келеді.
2			
3			
4			

Тыңдаймыз

## 16. Сұхбатты тыңдаңыздар.

*Ахмет:* – Омар, мен кеше бекіре балығын аулап әкелдім. Қарындасым түскі асқа балықты қуырып берді.

*Омар:* – Мен бекіре балығын жеп көрген емеспін. Ол үлкен балық па?

*Ахмет:* – Иә, үлкен балық. Оның ұзындығы 1 метр, салмағы 15-20 кг болады. Еті де дәмді. Каспий теңізінде бекіре балығы көп. Оның уылдырығы өте пайдалы.

*Омар:* – Оны қуырып жей ме?

*Ахмет:* – Иә, қуырып жейді, ет сияқты пісіріп те жейді.

*Омар:* – Қара уылдырықтың қандай пайдасы бар?

*Ахмет:* – Оның құрамында йод көп.

*Омар:* – Мен Алматыда тұрамын, біздің суымыз жұмсақ, құрамында йод жоқ.

*Ахмет:* – Омар, сондықтан саған балықты, қызыл және қара уылдырықты көп жеу керек.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

ұзындығы  
салмағы  
дәмді  
қуырып жеу

## 17. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Бекіре балығы қай теңізде көп кездеседі?
- 2) Ол қандай балық? Үлкен бе? Кішкентай ма?
- 3) Уылдырықтың қандай пайдасы бар?
- 4) «Балығы тайдай тулаған» деген тіркесті қалай түсінесіз?
- 5) Саған балық сорпасы ұнай ма?

## 18. «Балығы тайдай тулаған» деген тақырыпқа сұхбат құрыңыздар.

## 19. Берілген тіркес бойынша сөйлем құрыңыздар.

кішкентай  
үлкен

балық

сорпасы  
қуырып жеу  
пісіріп жеу  
тағамдары

Сөйлейміз

## 20. «Теніз-көл-өзен» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар



Хат жазып үйренеміз

## 21. Алғысхат жазып үйренейік.

Айгерім Асқарқызы ханымға  
«Қазына» компаниясы  
Атырау қаласы  
Абай көшесі, 411 үй,

Алғысхат жазуда пайдаланатын сөздер мен сөз тіркестерін естеріңізде сақтаңыздар.

*Құрметті Айгерім Асқарқызы ханым!*

*Еліміздің батыс өңірінде балық шаруашылығын дамытуға зор үлес қосып, аянбай еңбек етіп келесіз. Жас мамандарды оқытып-тәрбиелеу жолында да беделіңіз жоғары.*

*Компанияның құрылғанына 20 жыл толуына орай Сізге алғыс айтамын. Біздің ынтымақтастығымыз жалғасады деп үміттенемін.*

*Сізге денсаулық, ұзақ өмір, табыс, бақыт тілеймін.*

*Сізді құрметтеуші «Қазына» компаниясының президенті  
Әбілмансұр Алпысұлы*

алғыс айтамын (-мыз)  
үміттенемін (-міз)  
тілеймін (-міз)  
құрметті

**22. Алғысхаттың үлгісін пайдаланып, экология саласына еңбегі сіңген қоғам қайраткерінің атына алғысхат жазыңыздар.**

Жазамыз

**23. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.**

- Әсем: – \_\_\_\_\_ ?  
Батыр: – Таза су – біздің болашағымыздың мәселесі.  
Әсем: – \_\_\_\_\_ ?  
Батыр: – Өзендер мен көлдерді сақтау – адамзаттың міндеті.  
Әсем: – \_\_\_\_\_ ?  
Батыр: – Біздің өзендеріміз бен көлдерімізде балық көп болады.  
Әсем: – \_\_\_\_\_ ?  
Батыр: – Ғалымдар мен экологтер қоршаған орта мәселелерін шешудің тиімді жолдарын қарастырып жатыр.  
Әсем: – \_\_\_\_\_ ?  
Батыр: – Қара уылдырық адам денсаулығына пайдалы.

**24. Мына абзацты бір сөйлеммен жазыңыздар.**

Бұл өзгерістер табиғаттың бұзылуына және адамның денсаулығына әсер етуде, сол себепті ғалымдар мен экологтер қоршаған орта мәселелерін шешудің тиімді жолдарын қарастырып жатыр. Олардың мақсаты – экологиялық апаттағы көлдеріміз мен теңіздерімізді қорғап қалу және сұлу табиғатымызды сақтау.

**25. Мәтінді оқыңыздар. Мәтінге тақырып беріңіздер.**

**Бір абзацтың мазмұнын өзгертіп жазыңыздар.**

1. Қазақ жері су, өзен, көлдерге бай. Біздің елімізде Балқаш көлі және Каспий теңізі бар. Осы көлдің жанында тұратын ауыл адамдары балық шаруашылығымен айналысады. Ел экономикасын дамытуда теңіз балығының маңызы зор. Теңіздің балығынан басқа әлемдік нарыққа шығарып жатқан мұнайы да бар.

2. Соңғы жылдары кейбір өзен, көл, теңіздердің сулары тартылып жатыр. Соған байланысты көптеген балық түрлері азайып бара жатыр. Мұндай апаттар бәрімізді алаңдатып отыр. Өмір сүріп жатқан ортамызды қорғау – бәріміздің парызымыз. Адам табиғатсыз, табиғат адамсыз өмір сүре алмайды.

**26. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.**

1. Қазақ жері – өзен, \_\_\_\_\_ бай.
2. Осы көлдің жанында тұратын \_\_\_\_\_ балық шаруашылығымен айналысады.

3. Өйткені \_\_\_\_\_ балығынан басқа әлемдік нарыққа шығарып жатқан мұнайы бар.
4. Мұндай \_\_\_\_\_ бәрімізді алаңдатып отыр.
5. Адам табиғатсыз, \_\_\_\_\_ адамсыз өмір сүре алмайды.

## 27. Төмендегі сөздерді үлгі бойынша ретімен күрделендіріп жазыңыздар.

- Үлгі:**
1. Балық.
  2. Балық шаруашылығы.
  3. Балық шаруашылығы дамиды.
  4. Балық шаруашылығы елімізде дамиды.
  5. Балық шаруашылығы елімізде тез дамиды.

**Сөздер:** теңіз, көл, табиғат, экология

## 28. Диалогті монолог түрінде баяндаңыздар.

*Еламан:* – Елжас, ауыл жанындағы өзен тартылып бара жатыр, байқадың ба?

*Елжас:* – Иә, Еламан, суы да ластанып, азайып қалыпты. Бұрынғы мол балығы да көрінбейді.

*Еламан:* – Құстың дауысы да естілмейді.

*Елжас:* – Өзен маңайындағы ағаш, тал, әдемі өсімдіктер де өспей қалыпты. Табиғаттың ластануы өте қауіпті, досым.

*Еламан:* – Елжас, өзенді қалай сақтауға болады?

*Елжас:* – Бұл мәселемен экологтер айналысып жатыр. Әрбір адам өзінің туған жерін, табиғатын аялау керек қой. Сондай-ақ ағашын, көлін, өзенін күтіп ұстау керек деп ойлаймын.

## 29. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

### 1. Жақын мағынасы бойынша

жойылу	түсім
болашақ	қазына
мөлшер	жоғалу
өнім	келешек
байлық	шама

### 2. Қарама-қарсы мағынасы бойынша

таза	зиян
азаю	кір
пайдалы	көбею
бай	кіреді
шығады	кедей

**Эссе тақырыбы: Эколог – табиғат қамқоршысы**  
Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны – 250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

### ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

**Тақырып: Эколог – табиғат қамқоршысы**

#### • «Ой ұшқындары»

*қоршаған орта*

*эколог мамандар*

*экожүйе*

*экологиялық мәселе*

*қорғау*

*шешу жолдары*



#### • Жоспар

##### I. Кіріспе

Қоршаған орта және экология

##### II. Негізгі бөлім:

1. Еліміздің экологиялық мәселелері
2. Эколог – табиғат қамқоршысы

##### III. Қорытынды

Эколог болу – үлкен жауапкершілік



## Тақырып мазмұны

<b>1-бөлім</b>	<p><b>Кіріспе</b>          Қоршаған орта адам өмірімен тығыз байланысты. Адам мен қоршаған ортаның арасында тепе-теңдік болу аса маңызды. Өйткені _____.          Қазіргі кезде қоршаған орта мәселерімен экология ғылымы айналысады. Экология ғылымы дегеніміз _____.</p>
<b>2-бөлім</b>	<p><b>Негізгі бөлім</b>          Елімізде бірқатар экологиялық мәселелер бар. Оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыру керек. Меніңше, _____.          Біріншіден, _____.          Екіншіден, _____.          Эколог – табиғат қамқоршысы. Оның негізгі міндеті: _____.          Ол мамандықтың өз ерекшелігі бар.</p>
<b>3-бөлім</b>	<p><b>Қорытынды</b>          Эколог болу – жауапты іс. Өйткені _____.          Қорыта айтқанда, _____.</p>

- Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

**30. Сөйлемнің екінші сыңарын жазыңыздар.**

1. Егер табиғатты қорғау әрбір адамның міндетіне айналса, онда \_\_\_\_\_.
2. Егер таза ауа болмаса, онда \_\_\_\_\_.
3. Егер таза су болмаса, онда \_\_\_\_\_.
4. Егер қаланы көгалдандырсақ, \_\_\_\_\_.
5. Егер біз мақсатымызға жетсек, онда \_\_\_\_\_.

**31. Төмендегі сөздерді ыңғайлас жалғаулық шылаулар арқылы байланыстырып жазыңыздар.**

**Үлгі:** *табиғат және адам*

**Зат есімдер:** жан-жануарлар, құстар, теңіз, мұхиттар, өзен, көлдер, балық шаруашылығы, ауылшаруашылығы, адам, даму, аялау, сақтау, өндіру, дамыту

---



---



---



---

**32. Кестеде берілген күрделі етістіктермен сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** *Көлің, балығы азайып бара жатыр.*

Етістік + <i>-ып, -іп, -п</i>	етістік + <i>-а, -е</i>	жатыр
сақта+п	кел+е	жатыр
азай+ып	бар+а	жатыр
көбей+іп	бар+а	жатыр
дам+ып	кел+е	жатыр
өркенде+п	бар+а	жатыр

---



---



---



---

33. Үлгі бойынша зат есімдерден сын есім жасаңыздар, сөз тіркестерін құрыңыздар.

Үлгі: *көрік+ті жер*

Су \_\_\_\_\_, тұз \_\_\_\_\_, тау \_\_\_\_\_, тас \_\_\_\_\_, құнар \_\_\_\_\_, бұлақ \_\_\_\_\_, қырат \_\_\_\_\_, йод \_\_\_\_\_, пайда \_\_\_\_\_, зиян \_\_\_\_\_

---

---

---

---

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде ( , ) қойылады?

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

- Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді. Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін, ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдынан қойылады.

34. Қыстырма сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойыңыздар.

Үлгі: *Өкінішке орай, Арал теңізі мен Каспий теңізінің суы азайып бара жатыр.*

1. Сөйтіп біздің еліміз балық өнімдерін Ресейге, Орта Азия елдеріне нарыққа шығарады.
2. Меніңше бекіре балығының қара уылдырығы мен қызыл уылдырығы адам денсаулығына пайдалы.
3. Менің ойымша табиғаттың бұзылуы адам денсаулығына әсер етеді.
4. Өкінішке қарай ауызсу мәселесі шешілмей жатыр.

35. Тұйық етістіктерге жатыс септігінің жалғауын жалғап, сөйлем құрып жазыңыздар.

Үлгі: *Үкімет табиғатты сақтап қалу үшін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру+ға.*

Тұйық етістіктер: бақылау, анықтау, дамыту, көбейту, жүргізу, шешу

---

---

---

---



7

ҚОРШАҒАН ОРТА



Тыңдаймыз. Оқимыз

**1 Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.**

табиғат, ауа райы, шың, тау, төбе, шөл, құм, дала, өзен, құс мекені, атамекен, тоғай, орман, жан-жануар, өсімдік әлемі, аласа төбе, тал, самал жел, қар аралас жаңбыр, тұман, бұршақ, дауыл, шөл дала, орманды дала, мұнайлы жер, астықты өлке

**2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.****3. Мәтінді оқыңыздар.**

- Қазақстанның ғажайып табиғаты
- Қазақстанның құмды және шөлді жерлері
- Қазақстандағы шыңдар мен төбелер

**Қоршаған орта**

Қазақстан – кең байтақ ел. Қазақстан жерінде биік шыңдар көп. Ақ қарлы, көк мұзды Алтай мен Алатау бар. Алтай мен Атырау өңірлері орманды жерлерге, шөл далаларға, таулар мен төбелерге бай. Сондықтан мұндай жерлерді орманды дала, шөл дала, астықты дала, кең дала, мұнайлы дала деп атайды.

Қазақстанның көп жері құмды болып келеді. Соның ішінде ерекше кең дала – Сарыарқа. Сарыарқа – дәнге де, малға да, кенге де бай жер.

Қазақстанның ең ірі өзендері – Ертіс, Сырдария, Іле және Тобыл. Ертіс – ең ірі және терең өзен.

Қазақстанда ең биік шың Тянь-Шань тауындағы Хан тәңірі шыңы (6995м) болып табылады. Биік таулардың қатарына қарлы Алатау шыңы да жатады. Ол – өте көрікті шың.

Қазақстанның ормандары мен шыңдары, көлдері мен өзендері табиғатқа көрік береді.

Қазақстанның жер-су атаулары табиғат туралы ұғымды білдіреді. Мысалы, Бурабай, Арқарлы жерлері жан-жануарлардың атымен аталған. Құстардың мекені болған Қайыңды, Талды жерлеріне ағаш атаулары берілген. Ал Жезқазған, Теміртау, Кентау қалалары еліміздің түрлі металдар мен кендерге бай екенін білдіреді.

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

шың  
көк мұзды  
құмды жер  
шөл дала  
мұнайлы жер

#### 4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

#### 5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстанның табиғаты қандай?
- 2) Қазақстанда қандай шыңдар бар?
- 3) Қазақстанның ең ірі өзендері қандай?
- 4) «Дала» сөзімен байланысты қандай тіркестерді білесіздер?
- 5) Қазақстандағы ең биік шыңды білесіз бе?
- 6) Қазақстанның жер-су атауларын білесіз бе?

Грамматика

#### 6. Сәйкестендіріңіздер.

Ертіс –	қала
Сарыарқа –	биік шың
Хан тәңірі –	кең дала
Кентау –	ірі өзен

#### 7. Мәтін бойынша кестені толтырыңыздар.

Ірі өзендер	Ірі қалалар	Биік шың	Астықты жер	Құмды жер	Мұнайлы жер

#### 8. Кесте бойынша берілген тіркестерді қатыстырып, сөйлем құрыңыздар.

#### 9. Мәтінде берілген жалпы және жалқы есімдерді теріп жазыңыздар.

#### 10. Берілген құрылым бойынша сөйлем құрыңыздар.

бастауыш – баяндауыш

**Үлгі:** *Ертіс – ең ірі өзен.*

#### 11. Кестеде берілген сөйлемдер мен атаулардың мағынасын түсініп, олармен сөйлем құрыңыздар.

Табиғатқа	→ «шың», «өзен», «орман», «дала» көрік береді
Қалалар	→ Жезқазған, Теміртау, Кентау, Қарағанды
Құс мекені	→ құстардың өмір сүретін жері
Жан-жануар мекені	→ жануарлардың тіршілік ететін жері



**12. Мәтіндегі біріккен сөздерді үлгі бойынша бөліп жазыңыздар. Мағынасын түсіндіріңіздер.**

**Үлгі:** *Кен-тау*

**13. Ақпарат алдыңыздар.**

**Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.**

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Туған жерім» тақырыбы бойынша сөздік қорым бар.	Қазақстанның шөлді және құмды жерлері, ірі өзендері мен шындары туралы ақпарат алдым.	Жер-су атауларының тарихын білгім келеді.
2			
3			
4			

**Тыңдаймыз**

**14. Ауа райы болжамын тыңдаңыздар.**

**Кестені толтырыңыздар.**

**Ауа райы**

Синоптиктердің болжамы бойынша қаңтардың 28-і күні Шығыс Қазақстанда ауа температурасы -30 градусқа дейін төмендейді. Қалың қар жауады. Ақтөбе облысында да аяз болуы ықтимал. Ауаның температурасы -27 градусқа дейін суытады.

Солтүстік Қазақстан облысында сынап бағанасы -26 градусқа дейін төмендейді. Боран болады. Көкшетау қаласында да аяз болып, боран соғуы ықтимал. Ауа райы -24 градус суықтықты көрсетеді.

Алматы облысында қар аралас жаңбыр жауады. Ауа райы -3 градус суықтық пен +2 градус жылылық аралығында.

Ақмола облысында ауа температурасы -13 градус. Күн ашық болады. Батыс Қазақстан облысында -20 градусқа дейін суық болады деп күтілуде.

Оңтүстік Қазақстанда ауаның температурасы күндіз -3, түнде -9 градус суықтықты көрсетеді. Қар жаууы ықтимал.

1.	Қар аралас жаңбыр	жауады
	Жауын-шашын	жауады
	Боран	болады
	Аяз	
	Тұман	түседі



2.	Жел	соғады
	Дауыл	тұрады

3.	Күн	ашық бұлтты суық жылы
----	-----	--------------------------------

1 2   
 -23...-27      -31...-35  
 -28...-32      -35...-39

7 8 9   
 -37...-41      -27...-31      -25...-29  
 -32...-36      -31...-35      -29...-33

14 15 16   
 -10...-14      -17...-21      -15...-19  
 -14...-18      -18...-22      -19...-23

21 22 23   
 -15...-19      -17...-19      -17...-19  
 -25...-29      -22...-26      -22...-26

28   
 -7...-11  
 -18...-22



**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!**

*сынап бағанасы  
суықтық  
жылылық*

### 15. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Шығыс Қазақстанның ауа райы қандай?
- 2) Ақтөбе облысындағы ауаның температурасы қандай?
- 3) Солтүстік Қазақстан облысында боран бола ма?
- 4) Қай өңірде қар аралас жаңбыр жауады?
- 5) Қай аймақта боран соғады?
- 6) Қазақстанның қай өңірінде -20 градус суық болады?
- 7) Қай жерлерде күн ашық болады?

### 16. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

- 1) Еліміздің солтүстігінде \_\_\_\_\_ соғады.
- 2) Оңтүстік өңірлерде күн жылы \_\_\_\_\_.
- 3) Батыс аймақтарда \_\_\_\_\_ түседі.
- 4) Шығыс Қазақстанда ауа-райы күндіз – \_\_\_\_\_, түнде \_\_\_\_\_ -16 градусқа дейін төмендейді.
- 5) Орталық Қазақстанда \_\_\_\_\_ аралас \_\_\_\_\_ жауады.

### 17. Теледидардан ауа райы туралы мәліметті тыңдап, ертеңгі ауа райына болжам жасаңыздар.

### Сөйлеуге үйренеміз

### 18. «Қазақстан табиғаты» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.





**22-жаттығу. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.**

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Қазақстан жерінде биік шыңдар көп.

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Алтай мен Атырау өңірлері орманды жерлерге, шөл далаларға, таулар мен төбелерге бай.

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Қазақстандағы ең биік шың – Хан тәңірі шыңы.

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Ол – ете көрікті шың.

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Биік таулардың қатарына қарлы Алатау шыңы да жатады.

*Аққу:* – \_\_\_\_\_ ?

*Бірлік:* – Қазақстанның ормандары мен шыңдары, көлдері мен өзендері табиғатқа көрік береді.

**23. Жан-жануарлардың атымен берілген жер атауларын жазыңыздар.****24. Түрлі-түсті металл атымен берілген жер атауларын жазыңыздар.****25. «Арасында», «ортасында», «жанында» көмекші есімдерді қатыстырып сөйлем құрыңыздар.****26. «Мекен» сөзімен сөз тіркесін құрып жазыңыздар.****27. Монологті оқып, диалог құрыңыздар.**

Мен қазақ елінде туғанымға қуанамын. Біздің еліміз жерге бай. Оңтүстік өңір наурыз айында көктемгі егіске дайындалады. Ал солтүстікте қар жатады. Егер солтүстікте егін сеуіп жатса, оңтүстікте көкөніс өнімдерін жинап жатады. Сарыарқа даласы – әртүрлі жан-жануарлар, құстардың мекені. Кең далада самал жел соғып тұрады. Мен үшін туған жерімнің тауы да, шыңы да, төбесі де ыстық.

**28. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.**

1. Қазақстанда қандай көрікті жерлер бар?
2. Қандай пайдалы қазбаларды білесіздер?
3. Жеміс-жидектер қай өңірде көп өсіріледі?
4. Қандай ірі көлдерді білесіздер?
5. Сарыарқа даласы ненің мекені?
6. Солтүстік өңірінің ауа райы қандай?

## 29. Сөйлемдегі асты сызылған сөздердің антонимін табыңыздар.

1. Қазақстанның кейбір жерлері құрғақ болса, кейбір жерлері ылғалды болып келеді.
2. Күн кеше салқын болды, ал бүгін жылы болып тұр.
3. Былтыр көктем ерте түссе, биыл кеш түсті.
4. Қазақстан жерінде ірі, ұсақ өзендер көп.
5. Қазақ жерінде биік шыңдар, аласа төбелер көп.

Эссе жазып үйренеміз

### Эссе тақырыбы: XXI ғасыр: ғылым және инновация

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны -250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

### ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

### Тақырып: XXI ғасыр: ғылым және инновация

#### • «Ой ұшқындары»



#### • Жоспар

#### I. Кіріспе

XXI ғасыр – инновациялық дәуір.

**II. Негізгі бөлім:**

1. Ғылым, инновация және бизнесті дамыту.
2. Ғылыми жобаларды инвестициялау.

**III. Қорытынды**

Қазақстан озық дамыған елдердің қатарында

**Тақырып мазмұны**

<b>1-бөлім</b>	<b>Кіріспе</b> XXI ғасыр инновациялық дәуір деп аталады. Себебі _____ .
<b>2-бөлім</b>	<b>Негізгі бөлім</b> Әлемдік үздік тәжірибелерді тереңірек зерттеп, ғылым мен инновацияға бизнесті тарту аса маңызды. Біріншіден, арнайы бағдарлама әзірлеу керек. Екіншіден, _____ . Үшіншіден, _____ . Жаңа ғылыми жобаларды ойлап табатын ғалымдар мен инноваторларға жағдай жасау және оларды инвестициялау. Менің ойымша, _____ .
<b>3-бөлім</b>	<b>Қорытынды</b> Еліміздің әлемдегі озық дамыған елдермен бәсекелесуге қабілеті жоғары деп ойлаймын. Сондай-ақ _____ . Демек, _____ .

- Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

30. Берілген сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

Үлгі: 251- екі жүз елу бір

19 – \_\_\_\_\_, 349 – \_\_\_\_\_,  
 5690 – \_\_\_\_\_, 55790 – \_\_\_\_\_,  
 2005 – \_\_\_\_\_, 2010 – \_\_\_\_\_,  
 999 – \_\_\_\_\_, 7777 – \_\_\_\_\_,  
 1000000 – \_\_\_\_\_, 139868 – \_\_\_\_\_,  
 2389 – \_\_\_\_\_,

31. Біріккен сөздердің түбірлерін анықтаңыздар.

Біріккен сөздерге мысал келтіріңіздер.

Үлгі: Сары+арқа

Алатау \_\_\_\_\_, Сырдария \_\_\_\_\_, Арқарлы \_\_\_\_\_,  
 Бурабай \_\_\_\_\_, Жезқазған \_\_\_\_\_, Теміртау \_\_\_\_\_,  
 Кентау \_\_\_\_\_, Мойынқұм \_\_\_\_\_, Құмкөл \_\_\_\_\_,  
 Жетісу \_\_\_\_\_, Екібастұз \_\_\_\_\_, Көкшетау \_\_\_\_\_

32. Берілген зат есімдерге төмендегі үлгі бойынша қосымша жалғаңыздар.

Үлгі: тау - тау+ ы + нда - тауында  
 қала - қала + сы + нда - қаласында

аймақ \_\_\_\_\_, табиғат \_\_\_\_\_,  
 өсімдік \_\_\_\_\_, байлық \_\_\_\_\_,  
 шың \_\_\_\_\_, төбе \_\_\_\_\_,  
 атамекен \_\_\_\_\_, өңір \_\_\_\_\_,  
 аумақ \_\_\_\_\_, жер \_\_\_\_\_,  
 өзен \_\_\_\_\_, көл \_\_\_\_\_,  
 Хан тәңірі \_\_\_\_\_, қала \_\_\_\_\_,  
 тоғай \_\_\_\_\_, құм \_\_\_\_\_



### 33. Тұйық етістіктерді үлгі бойынша септеңіздер.

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
өндіру	өндірудің	өндіруге	өндіруді	өндіруде	өндіруден	өндірумен
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

Тұйық етістіктер: зерттеу, еңбектену, қорғау, сақтау, аялау, өмір сүру

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде ( – ) қойылады?

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

- Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

### 34. Бастауыштан кейін сызықша қойыңыздар.

**Мысал:** Сарыарқа – шөлді және астықты дала.

1. Ертіс Қазақстанның ең ірі өзені.
2. Хан тәңірі Тянь-Шань тауындағы ең биік шың.
3. Құс мекені құстардың өмір сүретін жері.
4. Бурабай ең көрікті жер.
5. Табиғат алтын бесік.
6. Бурабай екінші Швейцария.

### 35. Сөздерді орын тәртібі бойынша дұрыс орналастырып жазыңыздар.

1. жерінде, шыңдар, Қазақстан, биік, көп.  
\_\_\_\_\_
2. Қазақстанда, жерлер, құмды, жиі, кездеседі.  
\_\_\_\_\_
3. Сарыарқа, дала, кең.  
\_\_\_\_\_
4. биік, шың, ең, Хан тәңірі.  
\_\_\_\_\_

36. Суретті сипаттап жазыңыздар.





8

МЕРЕКЕ ШАШУЫ



Астана  
КҮНІ

Астана қаласының әкімінің орынбасары  
Астана қаласының мәдениет және спорт бөлімінің басшысы  
Астана қаласының туризм және қонақ алу бөлімінің басшысы



# МЕРЕКЕ ШАШУЫ

Тыңдаймыз. Оқимыз



## 1. Берілген басым сөздерді тындаңыздар.

қоғам, мереке, мейрам, той, дәстүрлі мереке, атап өту, наурызкөже, тойлау, құттықтау, салтанатты кеш, ресми жиын, гүл, сыйлық, тілек айту, қарсы алу, ұлттық мейрам, мемлекеттік мейрам, діни мейрам, кәсіби мейрам, іс-шара, марапат, шен, қоғам қайраткері, құқық қорғау

## 2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

### 3. Мәтінді оқыңыздар.

- Адам өміріндегі мерекелердің орны ерекше.
- Ұлттық мереке
- Мемлекеттік мерекелер
- Діни мерекелер

### Мереке күндер

Қазақстан Республикасының «Мерекелер туралы» Заңы бар. Еліміздегі мерекелік даталар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Қазақстанда ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа да мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мереке тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне арналады. Олар – дәстүрлі түрде атап өтілетін ерекше мейрамдар. Бұл күндері ресми іс-шаралар өткізіліп, мәдениет және қоғам қайраткерлері, әскери шенділер мен құқық қорғау саласының қызметкерлері және басқа да азаматтар табысты еңбектері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады.

Еліміздегі ұлттық мереке – 16-17 желтоқсанда атап өтілетін Тәуелсіздік күні.

Мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған мейрамдар. Мемлекеттік мерекелер тізіміне «Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні» мерекесі қосылды. Бұл мейрам желтоқсанның 1-і күні тойланады.

Мемлекеттік мерекелер мына күндері өткізіледі:

1-2 қаңтар – Жаңа жыл;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІН!**

*ұлттық мереке  
мемлекеттік мереке  
діни мейрамдар*

- 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;
  - 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;
  - 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні;
  - 9 мамыр – Жеңіс күні;
  - 6 шілде – Астана күні;
  - 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күні.
- Діни мейрамдар: Құрбан айт және Рождество мерекесі.  
Бұл мерекелер әртүрлі уақыттарда тойланады.

Ал кәсіби және басқа да атаулы күндер мерекелік күндер ретінде атап өтіледі.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмірінде мерекелердің алатын орны ерекше. Бұл күндері адамдар бір-бірін мерекемен құттықтап, мәдени орындарға барып демалады.



4. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?
5. Сендерге қандай мереке ұнайды? Әңгімелеп беріңіздер.
6. Мәтінді тағы бір рет тындаңыздар, оқыңыздар.
7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.
  - 1) Қазақстанда қандай мерекелер атап өтіледі?
  - 2) “Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні” қашан тойланады?
  - 3) Ұлттық және мемлекеттік мерекелер туралы не білесіз?
  - 4) Діни мейрамдарды атаңыз?
  - 5) Өзіңіздің кәсіби мерекеңізді қай күні атап өтесіз?

## Грамматика

8. Берілген тіркестерді оқып, сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

- |                |            |
|----------------|------------|
| 1 желтоқсан –  | 7 мамыр –  |
| 16 желтоқсан – | 9 мамыр –  |
| 8 наурыз –     | 6 шілде –  |
| 22 наурыз –    | 30 тамыз – |
| 1 мамыр –      |            |



9. Мерекелер жылдың қай мезгілінде тойланатыны туралы жазыңыздар.

10. Мәтіннен мына құрылыммен берілген сөздерді табыңыздар, тіркес құрыңыздар.

есімдер +  
- лық, -лік  
- дық, -дік  
- тық, -тік

Үлгі: ұлт + тық  
ұлттық мереке

11. Мәтіннен мына құрылыммен берілген сөздерді табыңыздар.

есімдер + и    жұрнағы    **Үлгі:**    әскер + и

12. Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңыздар.  
Олармен сөйлем құрыңыздар.

**Үлгі:**    белгілейді, құттықтап,  
барып демалады, .....

13. Мәтіндегі сан есімдерді мына құрылыммен жазыңыздар.

сан есім    +    -ыншы, -інші  
-ншы, -нші

**Үлгі:**    он алты + ншы

14. Мерекелік күндерді берілген үлгі бойынша жазыңыздар.

**Үлгі:**    наурыздың бірі

15. Ақпарат алдыңыздар.

Осы біліміңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Туған күн», «Той» «Шілдеhana», «Тілашар» тақырыптары бойынша сөздік қорым бар.	Қазақстан Республикасының мерекелері туралы ақпарат алдым.	«Қазақстан халқының бірлігі» мерекесінің қалай тойланатыны жайлы білгім келеді.
2			
3			
4			

### Оқимыз

16. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар.

*Мерекеге арналған салтанатты шеру*

**Жақсылық:** – Мұрат, сен 9 мамыр мерекесін қалай өткіздің?  
«Жеңіс» саябағына бардың ба?

**Мұрат:** – Жоқ, бара алмадым.

**Жақсылық:** – Мен «Жеңіс» саябағында өткен салтанатты шеруге бардым.

**Мұрат:** – Салтанатты шеру қалай өтті?

**Жақсылық:** – «Жеңіс» саябағына мыңдаған халық жиналды, олар ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, жауынгерлерді еске алды, бір минут үнсіздік жарияланды. Әнұран орындалды. Елбасымыз жиналған халықты Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

**Мұрат:** – Мерекелік концерт болды ма?

**Жақсылық:** – Иә, соғыс ардагерлеріне арналған концерт ұйымдастырылды. «Құрманғазы» атындағы оркестр мен симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен атақты әншілер ән айтты.

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!**

*салтанатты кеш  
жиын  
ресми сөз*



### 17. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Елімізде 9 мамыр мерекесіне орай қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?
- 2) Ресми емес мерекелерді білесіз бе?
- 3) Діни меркелерді өткізу ерекшеліктерін білесіз бе?
- 4) Сіздің отбасыңыз мерекелерді қалай қарсы алады?

### 18. Үлгі бойынша Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған құттықтау сөз жазыңыздар.

**Үлгі:**

*Ардақты ардагерлер!*

*Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!  
Жеңіс күні – тарихта ерекше орын алатын ұлы мереке.  
Сіздердің ерлік істеріңіздің арқасында біз бүгін бейбіт және  
бақытты өмір сүріп жатырмыз.  
Біз жас ұрпақ Сіздерге шексіз алғыс білдіреміз.  
Бәріңізге денсаулық, ұзақ өмір, бақыт тілейміз!*



### 19. Үлгі бойынша досыңыздың туған күніне арнап тілек жазыңыз.

**Үлгі:**

*Қымбатты досым Тұлжан!*

*Туған күнің құтты болсын! Өмірде саған жақсылық, бақыт,  
шығармашылық, табыс тілеймін.  
Арманың орындалсын және достарың көп болсын!*







## 20. «Мерекелер» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



## Телебағдарламалар көрін, сөйлеуге үйренеміз



Мен радиобағдарламаларды жиі тыңдаймын.

## 21. Сұрақтарға жауап берейік.

- 1) Сіз «Қазақ радиосы», «Сәлем», «Автордио», «Ретро ФМ», радиоларының қайсысын тыңдайсыз?
- 2) Соңғы рет қай арнадан, қандай мерекелік бағдарлама тыңдадыңыз?
- 3) Радиодан қазақ күйлерін тыңдағанды ұнатасыз ба?
- 4) Сіздің сүйікті радиобағдарламаңыз қандай?

## 22. Мәтінді толықтырыңыздар.

Сүйікті радиомның мерекелік бағдарламасы

«Қазақ радиосынан» \_\_\_\_\_ мерекесіне арналған әндерді тыңдадым. «Ретро ФМ» радиосының \_\_\_\_\_ бағдарламасы қызықты. Радиодан \_\_\_\_\_ күйлерін тыңда-

Астана күні  
“Таңғы экспресс”  
қазақ  
“Сәлем”  
“Қазақ радиосынан”

дым. Мен \_\_\_\_\_ радиосын қызығып тыңдаймын. Мен \_\_\_\_\_ әзіл-сықақ әңгімелерді тыңдағанды ұнатамын.

### 23. Қазақ тіліндегі радиолардың мерекелік бағдарламаларын жасаңыздар.

Радио	Бағдарлама атауы	Уақыты
«Қазақ радиосы»	Жас әншілер	14.30

### 24. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Мерекелерге арналған радиобағдарламалардың ішінде сізге ерекше ұнайтыны бар ма?
- 2) Сіз қандай радиобағдарлама жобасын ұсынар едіңіз?

Жазамыз

### 25. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

Клаудия: — \_\_\_\_\_ ?

Ян: — Мемлекеттік мерекелер тізіміне «Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні» қосылды.

Клаудия: — \_\_\_\_\_ ?

Ян: — Бұл мейрам желтоқсанның 1-і күні тойланады.

Клаудия: — \_\_\_\_\_ ?

Ян: — Қазақстанда ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа да мерекелер атап өтіледі.

Клаудия: — \_\_\_\_\_ ?

Ян: — Ұлттық мерекелер тарихи маңызы бар оқиғаларға арналады.

Клаудия: — \_\_\_\_\_ ?

Ян: — Елбасымыз жиналған халықты Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

### 26. Әріптесіңізді кәсіби мерекесімен құттықтап, тілек жазыңыз.

### 27. Монологті оқыңыздар.

Монолог мазмұнын өзгертіп жазыңыздар.

Бүгін желтоқсанның он алтысы – Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік сарайының мәжіліс залында салтанатты кеш болды. Салтанатты кешке депутаттар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері барды. Елбасы жақсы тілек айтып, бәрімізді құттықтады. Кештің ресми бөлімінен кейін, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Әншілер патриоттық өлеңдер айтып, өнерлерін ортаға салды.



Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты кешіміз жақсы өтті. Біз өлең тыңдап, жақсы демалдық.

### 28. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тәуелсіздік күні қашан атап өтіледі?
2. Салтанатты кешке кімдер келді?
3. Құттықтау сөзді кім айтты?
4. Тәуелсіздік сарайында қандай іс-шара өтті?
5. Концертте қандай өлеңдер айтылды?
6. Салтанатты кеш қалай өтті?

### 29.

- Өлеңді оқыңыздар.
- Өлеңдегі асты сызылған сөздердің синонимдерімен танысыңыздар.
- Өлең не туралы?

### Он алтыншы желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

#### Синонимдер

*Жайдары – ашық,  
жарқын  
Ар (арымыздай) – ұят,  
намыс  
Шуақты – мейірімді,  
жылы күн  
Байрақ – Ту*

Он алтыншы желтоқсан –  
Елдің ұлы мейрамы.  
Жаңа шыққан көктемдей,  
Жаз күніндей жайдары.  
Арымыздай тап-таза.  
Жанымыздай шуақты  
Көтерілді биікке  
Қазақстан байрағы.  
(Т.Молдағалиев)

### Эссе жазып үйренеміз

#### Эссе тақырыбы: Депутат – халық қалаулысы

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

#### ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны – 250.	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

## Тақырып: Депутат – халық қалаулысы

### • «Ой ұшқындары»



### • Жоспар

#### I. Кіріспе

Депутат тұлғасы және оның бағдарламасы

#### II. Негізгі бөлім:

1. Халық және депутат
2. Денсаулық саласындағы өзекті мәселелер

#### III. Қорытынды

Елге беделді депутат қажет

### Тақырып мазмұны

1-бөлім	<b>Кіріспе</b> Депутат – білімді, шешен адам. Ол өзінің депутаттық бағдарламасын ұсынады. Бағдарламаның басым бағыттары: 1. _____. 2. _____.
2-бөлім	<b>Негізгі бөлім</b> Депутат – халық таңдаулысы. Оны халық _____. Өйткені _____. Депутаттар денсаулық сақтау мәселесін ең басты орынға қойып отыр. Әсіресе ана мен баланың денсаулығын сақтау, _____. Денсаулық сақтау саласына қомақты қаржы бөлініп жатыр. Біріншіден, _____. Екіншіден, _____. Меніңше, _____.
3-бөлім	<b>Қорытынды</b> Депутат болу оңай емес. Себебі _____. Елімізге халықтың жағдайын ойлайтын беделді депутат қажет. Қорытындылай келе _____.

### • Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

**30. Төмендегі үлгі бойынша реттік сан есімдерді жазыңыздар.**

-ЫНШЫ	-ІНШІ	-НШЫ	-НШІ
30 – отыз+ыншы	8 – сегіз+інші	6 – алты+ншы	7 – жеті+нші
60 –	11 –	16 –	2 –
40 –	21 –	26 –	32 –
90 –	15 –	36 –	17 –
16 –	13 –	46 –	37 –
19 –	14 –	56 –	107 –

**31.**

**1. Үлгі бойынша зат есімнен сын есім жасаңыздар.**

**Үлгі:** мемлекет+тік

Ұлт \_\_\_\_, республика \_\_\_\_, мереке \_\_\_\_, қоғам \_\_\_\_, жыл \_\_\_\_, өмір \_\_\_\_, қала \_\_\_\_, тіл \_\_\_\_, жаңа жыл \_\_\_\_, экология \_\_\_\_, ақпарат \_\_\_\_, ауыл \_\_\_\_, өлке \_\_\_\_, аймақ \_\_\_\_,

**2. Сын есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіздер.**

**Үлгі:** тарих-и

діни, әдеби, саяси, рухани, сыни, кәсіби, заманауи, мәдени

**32. Сын есімдерден сөз тіркесін құрыңыздар.**

**Үлгі:** мемлекеттік тіл, тарихи шығарма

**33. Ай аттарын ілік септігінің формасына, сан есімдерді тәуелдік жалғауының III жағына қойып жазыңыздар.**

**Үлгі:** желтоқсан+ның, (I.с.) он екі+сі (т.ж.III ж.)

Қазан \_\_\_\_, 10- \_\_\_\_, мамыр \_\_\_\_, 25- \_\_\_\_, мамыр \_\_\_\_, 10- \_\_\_\_,  
 наурыз \_\_\_\_, 8- \_\_\_\_, наурыз \_\_\_\_, 22- \_\_\_\_, желтоқсан \_\_\_\_, 16- \_\_\_\_,  
 қаңтар \_\_\_\_, 31- \_\_\_\_, мамыр \_\_\_\_, 9- \_\_\_\_, сәуір \_\_\_\_, 20- \_\_\_\_,  
 қыркүйек \_\_\_\_, 1- \_\_\_\_, қараша \_\_\_\_, 25- \_\_\_\_, қаңтар \_\_\_\_, 2- \_\_\_\_,

ақпан \_\_\_\_\_ 23- \_\_\_\_\_, тамыз \_\_\_\_\_ 30- \_\_\_\_\_, сәуір \_\_\_\_\_ 15- \_\_\_\_\_,  
шілде \_\_\_\_\_ 17- \_\_\_\_\_, қараша \_\_\_\_\_ 29- \_\_\_\_\_

**34. Тәуелдік жалғауының III жағындағы сөздерге барыс, табыс, жатыс септіктерінің жалғауларын жалғаңыздар.**

Барыс септік	Табыс септік	Жатыс септік
<i>мерекесі+не</i>	<i>мерекесі+н</i>	<i>мерекесі+нде</i>
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

**Берілген сөздер:** мейрамы, тойы, жиыны, гүлі, сыйлығы, тілегі, діні, ұлты, заңы, оқиғалары, күндері, әншілері, киімдері, мерекесі, ынтымағы, бірлігі, достығы, оқиғасы, даласы

**35. Берілген сандар туралы не білесіздер?**

1-2 қаңтар – \_\_\_\_\_  
8 наурыз – \_\_\_\_\_  
22 наурыз – \_\_\_\_\_  
1 мамыр – \_\_\_\_\_  
9 мамыр – \_\_\_\_\_  
30 тамыз – \_\_\_\_\_  
1 маусым – \_\_\_\_\_

**36. Суретті сипаттап жазыңыздар.**



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

9

# ҚАҰЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЛАРЫ





Тыңдаймыз. Оқимыз

**1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.**

қоғам, мемлекет, қор, адам, зейнеткер, мүгедек, қайырымдылық, қамқор, жұмыс, іс-шара, арнайы, тіршілік, өмір, мекеме, тәрбие, ақыл, көмек, қоғамдық, бұйым, сыйлық, балалар үйі, қарттар үйі, еңбекақы, көмек

**2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.****3. Мәтінді оқыңыздар.**

- Мемлекетіміздегі қайырымдылық қоры
- «Балалар үйіне» қамқорлық
- Қайырымды, қамқор адам

**Қайырымдылық қорлары**

Қазақ халқында «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген баба сөзі дұрыс айтылған. Халқымыз осындай тәрбиелі сөздерімен ұрпағын мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей білген.

Біздің еліміз – зайырлы мемлекет. Елімізде «Қарттар үйі» мен «Мүгедектер үйі» және балаларды тәрбиелейтін «Интернат үйлері» бар. Оларды мемлекет өз қамқорлығына алған. Осындай мемлекетте жүрегі жылы, қайырымды азаматтар да аз емес. Олар да жетімдер мен мүгедектерге әрдайым көмек көрсетуде.

Мемлекетіміздің барлық өңірлерінде қайырымдылық қорлары жұмыс істейді. Бұл қоғамдық қорлар қарттарға, мүгедектер мен жетім балаларға мерекелік іс-шаралар өткізіп, концерт қойып, арнайы дастарқан ұйымдастырып отырады.

Біздің мекемеміз өткен жылы «Интернат үйін» қамқорлығына алып, «Ізгілік» қорын құрды. Бұл қорға біздің ұжымның қызметкерлері бір күндік еңбекақыларын жинап берді. Біздің ұжым мереке күні «Балалар үйіне» арнайы дастарқан ұйымдастырды, балаларға сыйлықтар берді.

Мен мереке күндері Саматпен таныстым. Оны үйге қонаққа шақырдым, отбасыммен таныстырдым. Ол аз уақытта менің бауырымдай болып кетті. Самат менен жиі көмек, ақыл сұрайтын

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІН!**

қуаныш  
өкініш  
қамқорлық  
қайырымдылық  
қор

болды. Біз оған ақыл-кеңес беріп, көмектесіп тұрамыз. Ол сенбі күні маған келді. Біз кинотеатрға бардық.

Жақында оның туған күні болды, біз оған домбыра сыйладық.

Самат – тәртіпті, белсенді, мейірімді жігіт, ол ән айтуды жақсы көреді. Әсіресе қазақтың халық әндерін домбырада тамаша орындайды. Ол домбыра және тіл үйірмелеріне барады.

Самат адамдармен жақсы тіл табысады. Ол менің сенімді, адал досым. Ол маған осы мінезімен ұнайды.

**4. Мәтінді қайталап оқыңыздар.**

**5. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?**

**6. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.**

**7. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Мемлекет кімдерді өз қамқорлығына алады?
- 2) Елімізде қандай қайырымдылық қорлары бар?
- 3) Сендер қандай қайырымдылық қорларын білесіздер?
- 4) Сіз өзіңіз қарттарға, балаларға қандай қайырымдылық жасар едіңіз?



Грамматика

**8. Антоним сөздерді жазыңыздар.**

Жақсылық – жамандық

\_\_\_\_\_ – \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ – \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ – \_\_\_\_\_

**9. Берілген сөздерді тырнақшаға алып жазыңыздар.**

Хабар агенттігі

Болашақ бағдарламасы

Егеменді Қазақстан газеті

Бөбек қоры

Интернат үйі

**10. Өздік есімдігімен тіркес жасап, олармен сөйлем құрыңыздар.**

**Үлгі:** өз қамқорлығы

*Денсаулығы нашар балаларды мемлекет өз қамқорлығына алады.*

\_\_\_\_\_ ұрпағына \_\_\_\_\_ үйіне  
\_\_\_\_\_ қорына \_\_\_\_\_ еліне

## 11. Сөйлемді қажетті етістіктермен аяқтап жазыңыздар.

өткізеді  
қояды  
ұйымдастырады

Мұндай қоғамдық қорлар мерекелік іс-шаралар \_\_\_\_\_, концерт \_\_\_\_\_, арнайы дастарқан \_\_\_\_\_.

## 12. «Жыл» сөзімен тіркес құрып, сөйлем жазыңыздар.



Үлгі:

*Біздің мекемеміз өткен жылы «Ізгілік» қорын құрып, «Интернат үйін» қамқорлығына алды.*

## 13. Мәтіннен мына құрылымдағы сөздерді табыңыздар. Олармен сөз тіркесін құрыңыздар.

зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы + табыс септігі

Үлгі: жақсылық (з) + ы + н адамның жақсылығын

зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы + барыс септігі

Үлгі: қамқорлық (з) + ы + на досымның қамқорлығына

зат есім + барыс септігі

Үлгі: жетім балалар + ға жетім балаларға көмектесу

## 14. Мәтіннен мына құрылымдағы сөздерді табыңыздар. Олармен сөз тіркесін құрыңыздар.

етістік + өткен шақ -ды//-ді, -ты//-ті + жіктік жалғауы -м

Үлгі: таныстыр + ды + м отбасыммен таныстырдым

## 15. Ақпарат алдыңыздар.

Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Білім жүйесі», «Қарт адамдарға көмек» тақырыптары бойынша сөздік қорым бар.	Еліміздегі қайырымдылық қорлары туралы ақпарат алдым.	«Шапағат» қайырымдылық қоры жайлы білейін деп едім.
2			
3			
4			

Тыңдаймыз

## 16. Сұхбатты тыңдаңыздар.

### Нағыз достар

*Марина:* – Галина, біздің тобымызға Қазақстаннан бір қыз келді.

*Галина:* – Оның аты кім?

*Марина:* – Райхан.

*Галина:* – Райхан?

*Марина:* – Дұрыс айтпадың. Райхан.

*Галина:* – Қызық екен.

Райхан сөзі орысша қандай мағынаны білдіреді?

*Марина:* – Ол – гүлдің аты. Райхан – өте сұлу қыз.

Бойы ұзын, шашы бұйра, аққұба келген қыз.

Екеуміз тез тіл табыстық.

Ол да мен сияқты калланетикамен айналысады екен.

*Галина:* – Марина, Райханмен мені де таныстыршы.

Біз оны «Пирамида» дәмханасына шақырайық.

*Марина:* – Мен де солай деп ойлаймын.

Өйткені ол өз отбасын, туған жерін сағынып жүр.

Меніңше, ол бізбен дос болуға қарсы болмайды.

*Галина:* – Иә, менің онымен тезірек танысып келіп жүр.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

үйірме  
тон

## 17. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Райхан қай жерден келді? Ол қандай қыз?
- 2) Ол Марина мен Галинаға ұнады ма?
- 3) Ол немен айналысады?
- 4) Райханның курстас қыздары оны қандай дәмханаға шақырды?
- 5) Марина мен Галинаның іс-әрекетін сипаттаңдар?

18-жаттығу. Сұхбатты аяқтаңыздар.

Райхан:	– Галина, Марина, мені дәмханаға шақырғандарыңа алғыс айтамын. Сендер – нағыз жанашыр доссыңдар. Қамқорлықтарыңа рақмет. Сендерді мен жазда еліме қонаққа шақырамын.
_____	_____
_____	_____
_____	_____

19. «Қайырымдылық» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



20.

Өз пікірімізді айтайық!

Қайырымдылық жасау – бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында қарт адамдарға жәрдемдесу, ата-анасы жоқ балаларға қамқорлық жасау туралы үнемі ақпарат айтылады. Еліміздің телеарналарында қайырымдылық іс-шаралары туралы бағдарламалардың берілуі дұрыс па? Сіз қалай ойлайсыз? Ол телебағдарламалар не үшін керек?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін Сіз қайырымдылық туралы қандай телебағдарлама жобасын ұсынар едіңіз?



## 21. Мәтінді толықтырыңыздар.

### Менің кеңесім

1. Мен \_\_\_\_\_ көруді ұсынар едім.
2. Ол телехабарда науқас адамдарға \_\_\_\_\_ беріледі.
3. «Астана» телеарнасында, кешкі сағат 20.00-де жүргізілетін \_\_\_\_\_ бағдарламасында ел азаматтарының адамдарға жасаған қамқорлықтары, батыл іс-әрекеттері туралы айтылады. Олар – еліміздің патриот, батыр адамдары.
4. «Хабар» арнасындағы \_\_\_\_\_ телебағдарламасында адамдар хабарсыз кеткен бауырларын, достарын кездестіріп, олармен табысып жатады.

“Дауа” бағдарламасын кеңес  
“Жан жылуы”  
“Бармысың, бауырым?”

## 22. Кестені толтырыңыздар.

«Қазақстан» және басқа да телеарналардағы қайырымдылық жасау туралы телебағдарлама жобасын жасаңыздар.

Сіздің ұнататын телебағдарламаларыңыз?	Олар қай уақытта жүргізіледі?	Оларды қандай телеарнададан тамашалайсыз?
«Бармысың, бауырым?»	17.00	«Хабар» арнасынан көремін.

## 23. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Халқымыздың «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген даналық сөзі бар.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Осындай мемлекетте жылы жүректі, қайырымды азаматтар да аз емес.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Мемлекетіміздің барлық өңірлерінде қайырымдылық қорлары жұмыс істейді.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Бұл қорға біздің ұжымның қызметкерлері бір күндік еңбекақыларын жинап берді.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Самат қазақтың халық әндерін домбырада тамаша орындайды.

Назима: – \_\_\_\_\_ ?

Жұлдыз: – Ол адамдармен тез тіл табыса біледі.

## 24. Берілген үлгіні пайдалана отырып, достарыңызға хат жазыңыздар.

*Қылыбатты Жомарт!*

*Менің Мәскеуге келгеніме бір ай уақыт болды. Қазір сағат түнгі 11.00. Күндіз хат жазуға уақытым болмады. Саған айтамын жаңалығым көп.*

*Біріншіден, мен қысқы сессияға дайындалып жүрмін. Алты пәннен емтихан тапсырамын. Екіншіден, менің тобымда Талина және Марина деген жақсы қыздар бар. Мен олармен тез тіл табысып кеттім. Олар – менің достарым.*

*Олар мені Мәскеудің көрікті жерлерімен таныстырды. Мені «Пирамида» дәмханасына шақырды. Олар – өте мейірімді, сүйкімді, қайырымды қыздар. Мен осындай достар тапқаным өте қуаныштымын. Жазғы демалыста олар менімен Қазақстанға барады.*

*Хат жаз, асыға күтемін.*

*Құрметпен Райхан.*

## 25. Мәтінді оқыңыздар.

**Әр сөйлемдегі негізгі ойды білдіретін сөзді алып, үлгі бойынша кеңейтіп жазыңыздар.**

«Қазақстанның ең басты байлығы – оның адамдары», – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқан. Сондықтан біздің мемлекетіміз мүгедектер мен қарт адамдарға үнемі қамқорлық жасап отырады.

Соңғы жылдары «Бірінші қазан – Қарттар күні» деп аталып өтеді. Бұл мереке күндеріне арнайы апталық іс-шаралар жоспарланады. «Қарттарға құрмет» тақырыбына әңгіме-сұхбат жүргізіледі. Мерекелік концерт қойылады және арнайы дастарқан дайындалады. Әншілер мен сазгерлер қайырымдылық концертін жиі ұйымдастырады. Түскен қаржыны «Қайырымдылық қорына» аударады.

Ата-анаға, туыстарға, жалпы адамзатқа қайырымды болу – әрбір адамның парызы.

- Үлгі:**
1. *Адамдары – байлығы.*
  2. *Қазақстанның байлығы – оның адамдары.*

## 26. Ойланып жауап беріңіздер.

- Сіздің ұжымыңызда қайырымдылық акциясы бола ма?
- Балаларға көмек көрсетіле ме?
- Сіз өз туыстарыңызға, достарыңызға қамқорлық жасайсыз ба?

## 27. Сөздердің орнын ауыстырып, сөйлем құрыңыздар.

1. қамқорлық, жасаймын, қарт, адамдарға, Мен
2. Мереке, бұл, күндері, өткізіледі, іс-шаралар
3. әңгіме-сұхбат, қойылады, жүргізіледі, концерт, мерекелік, Оларға
4. дайындалады, дастарқан, арнайы, Оларға
5. Адамзатқа, жалпы, болу, қайырымды, парызы, адамның, әрбір

## 28. Диалогті рөлге бөліп оқыңыздар.

### Мазмұнын өзгертіп, диалог құрыңыздар.

*Күнсұлу:* - Сәлем, Талап! Қайда асығып бара жатырсың?

*Талап:* - Сәлем, Күнсұлу! Дәріханаға бара жатырмын.  
Көршіме, Самал апайға, жүрек дәрісін сатып әкелуге  
бара жатырмын.

*Күнсұлу:* - Ол жалғыз тұра ма?

*Талап:* - Иә, жалғыз тұрады.  
Қызы Мәскеу қаласында оқып жатыр.

*Күнсұлу:* - Талап, өзін қандай қайырымдысың!

*Талап:* - Апай – өте жақсы адам.  
Біз оған үнемі қол ұшын беріп тұрамыз.  
Әр күні жағдайын сұрап, денсаулығын біліп тұрамыз.

*Күнсұлу:* - Сен мейірімді екенсің, Талап!  
Уақытыңды алмайын. Жолың болсын!

*Талап:* - Өзіңнің де жолың болсын, Күнсұлу!

## 29. Синонимдік жұптарды естеріңізге сақтаңыздар.

### Сөйлемдегі асты сызылған сөздерді синонимдермен алмастырыңыздар.

- Қайырымды – мейірімді
- Қарт адамдар – қария адамдар
- Ауру – науқас
- Өңірлерінде – аймақтарыңда

1. Ата-анаңа, бауырларыңа, достарыңа қайырымды болу – жақсы қасиет.
2. Қарт адамдарға және мүгедектерге арналған емханалар бар.
3. Қазақстанның барлық аймақтарында «Қайырымдылық қоры» жұмыс істейді.
4. Біздің елімізде науқастарға сапалы дәрігерлік көмек көрсетіледі.





**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ**

Эссе мазмұны логикалық жүйелілікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

**Эссе тақырыбы:** Әлеуметтік қызметкердің кәсіптік тұлғасы  
Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңыздар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин.)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин.)	1. .... 2. .... 3. ....
Эссе мазмұны (40 мин.) Сөз саны – 250	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

**Тақырып:** Әлеуметтік қызметкердің кәсіптік тұлғасы

• «Ой ұшқындары»



• **Жоспар**

**I. Кіріспе**

Қазіргі қоғам және әлеуметтік қызметкер

**II. Негізгі бөлім:**

1. Әлеумет мәселелері және оны шешу жолдары
2. Әлеуметтік қызметкердің қызмет түрлері

**III. Қорытынды**

Бұл қоғамға қажетті мамандық.

## Тақырып мазмұны

1-бөлім	<b>Кіріспе</b> Әлеуметтік қызметкердің қоғамдағы рөлі жоғары. Себебі _____.
2-бөлім	<b>Негізгі бөлім</b> Елімізде әлеуметке қатысты біраз мәселелер бар. Ол мәселелерді шешу _____. Сонымен бірге, халыққа қайырымдылық шараларын ұйымдастырумен айналысу керек. Әлеуметтік қызметкердің жұмыс түрлері көп. Мәселен, ол қоғамдағы жағымды және жағымсыз факторларды анықтайды, әлеуметтік қорғау мекемелерінде қызмет жасайды. Екіншіден, психологиялық көмек _____. Үшіншіден, үйде көрсетілетін қызмет _____.
3-бөлім	<b>Қорытынды</b> Әлеуметтік қызметкер – елімізге қажетті мамандық. Бұл салада жұмыс істейтін мамандардың санын көбейту қажет. Себебі, _____. Қорытындылай келе, _____.

- Жазған эссе бойынша полилог құрыңыздар.

## 30. Үлгі бойынша зат есімдерге қосымша жалғаңыздар.

Соңғы сөзге сұрақ қойыңыздар.

	Зат есім	Тәуелдік жалғауының	Табыс септігі
Үлгі:	мемлекет қоғам зейнеткер қайырымдылық қамқор жұмыс іс-әрекет өмір мереке тәрбие ақыл көмек	мемлекет+і (III жақ)	мемлекеті+н - нені?

## 31. Бұрынғы өткен шақтағы етістіктерді жедел өткен шақта жазыңыздар.

Салыстырыңыздар. Айырмашылықтарын анықтаңыздар.

Үлгі: бұрынғы өткен шақжедел өткен шақ

- I. Мен көмектес-кен-мін  
 II. Сен көмектес-кен-сің  
 II. Сіз көмектес-кен-сіз  
 III. Ол көмектес-кен

- I. Мен көмектес-ті-м  
 II. Сен көмектес-ті-ң  
 II. Сіз көмектес-ті-ңіз  
 III. Ол көмектес-ті

бұрынғы өткен шақ

- I Мен тіл табыс-қан-мын  
 II Сен тіл табыс-қан-сың  
 II Сіз тіл табыс-қан-сыз  
 III Ол тіл табыс-қан

жедел өткен шақ

- I Мен \_\_\_\_\_  
 II Сен \_\_\_\_\_  
 II Сіз \_\_\_\_\_  
 III Ол \_\_\_\_\_

бұрынғы өткен шақ

- I Мен қамқор бол-ған-мын  
 II Сен қамқор бол-ған-сың  
 II Сіз қамқор бол-ған-сыз  
 III Ол қамқор болған-ған

жедел өткен шақ

- I Мен \_\_\_\_\_  
 II Сен \_\_\_\_\_  
 II Сіз \_\_\_\_\_  
 III Ол \_\_\_\_\_

32. *Өзім, өзің, өзі, өздерің, өздеріміз* есімдіктерін септеңіздер.

**Үлгі:** *Отбасындағы әрбір бала ер жеткен соң, өзінің ата-анасына қамқор болуы керек.*

Септік	өзім	өзің	өзіңіз	өзі	өздеріміз	өздерің	өздері
Атау	<i>өзім</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Ілік	<i>өзімнің</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Барыс	<i>өзіме</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Табыс	<i>өзімді</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Жатыс	<i>өзімде</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Шығыс	<i>өзімнен</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Көмектес	<i>өзіммен</i>	_____	_____	_____	_____	_____	_____

33. Төмендегі етістіктердің қосымшаларын анықтап, олардан сөз тіркестерін жасаңыздар.

**Үлгі:** *тәрбие+ле+п жатыр+сың*

**Сөз тіркесі:** балаларды тәрбиелеп жатырсың

**Етістіктер:** өткізіп жатырмыз, ұйымдастырып отыр, жұмыс істеп жатырсыңдар, сыйлап жатыр, таныстырып тұрсың, жасап отырмыз, дайындалып жүрміз, өмір сүріп жатырсыңдар, тойлап жатырсыңдар

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде ( “ ” ) қойылады?

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!**

• Газет, журнал, кітап, шығарма, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады.

34. Сөйлем ішіндегі жалқы есімдерді тырнақшаға алыңыздар.

1. Қазақ әдебиеті газетінен белгілі жазушылар туралы көп ақпарат алуға болады.
2. Хабар телеарнасынан жетім балалар туралы фильм көрдім.
3. Қайырымдылық – менің парызым бағдарламасы бойынша мүгедектерге арнайы сыйлықтар берілді.

35. Сөздерді сәйкестендіріп, антонимдік жұп құрып жазыңыздар.

қуаныш	сау	ауру	шашу	жинау	реніш
тез	ескі	жаңа	жас	кәрі	ақырын

36. «Қайырымдылық – менің парызым» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыздар.

10

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ



The 24<sup>th</sup> of ...  
Article 151 ...



Тыңдаймыз. Оқимыз

**1. Берілген басым сөздерді тыңдаңыздар.**

қоғам, білім, білім жүйесі, мектепке дейінгі білім, бастауыш білім, орта білім, мемлекеттік, тәрбиеші, тәжірибе, пән, оқу сапасы, талап, жаңашыл, интерактивті тақта, электрондық оқулық, компьютер, интернет, мультимедиа кабинеті, олимпиада жүлдегері, әлемдік, жеңімпаз, халықаралық, жекеменшік, балабақша, жаңа заман, ғылыми жоба

**2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.****3. Мәтінді оқыңыздар.**

- Қазақстандағы білім жүйесі
- Мектепке дейінгі білім
- Жалпы орта білім
- Сапалы білім беру тәжірибелі мамандардың қолында

**Білім жүйесі**

Тәуелсіз Қазақстанның басты міндеттерінің бірі – жастарға білім мен тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту. Жастарға білім беру үдерісі халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетіне, экономикасы мен саяси өміріне негізделіп жүзеге асырылады. Қазақстандағы білім беру жүйесі жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып екіге бөлінеді.

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие отбасында және мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады. Еліміздегі сәбилер мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға барады. Мұнда тәжірибелі тәрбиешілер оларды спортты сүйеге, би билеуге, ән тыңдауға, тіл үйренуге, оқу мен жазуға үйретеді.

Жалпы орта білім – үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі деңгейі. Жалпы орта білім 3 сатылы: бастауыш (1-5 сыныптар), негізгі (6-9 сыныптар) және жоғары (10-12 сыныптар). Жалпы және кәсіби орта мектептерді бітірген жастар университеттерде, институттарда, академияларда білім алады. Қазақстан Республикасы азаматтарға магистратура мен докторантурада оқуға, магистрлік және докторлық дәрежелерін, доцент пен профессор атақтарын алуға мүмкіндік береді.

**ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!***білім жүйесі**балабақша**мектеп**Ұлттық бірыңғай  
тестілеу*

Заманауи білім беру жүйесі оқытушыларға да жаңа талаптар қойып отыр.

Оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жан-жақты жетілдірілуде. Олар ғылыми зертханалар, компьютерлік және мультимедиа кабинеттері, медиатека және соңғы үлгідегі интерактивті тақталармен жабдықталуда.

Еліміздің білімпаз түлектері жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде білім алып жатыр.

**4. Мәтінді қайталап оқыңыздар.**

**5. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?**

**6. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.**

**7. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Тәуелсіз Қазақстанның басты міндеттерінің бірі қандай?
- 2) Қазақстанның білім беру жүйесі нешеге бөлінеді?
- 3) Еліміздегі жалпы орта білім неше сатылы?
- 4) Жастар қандай бағдарлама бойынша шетелдерде білім алып жатыр?

Грамматика

**8. Мәтіннен мына құрылымдағы сөздерді табыңыздар.**

есім сөз

+

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті  
-лық, -лік, -тық, -тік  
-шы, -ші, -и

**Үлгі:**

*магистр+лік*

**9. Жоғарыдағы құрылым бойынша бірнеше сөйлем жазыңыздар.**

**Үлгі:**

*Менің әріптесім магистрлік диссертация қорғады.*

**10. Мәтіннен мына құрылымдағы сөз тіркестерін тауып жазыңыздар**

тұйық етістік

+

барыс септігі

**Үлгі:**

*жазу+ға*



**11. Жоғарыдағы құрылым бойынша бірнеше сөйлемдер жазыңыздар.**

**Үлгі:** жазу+ға

*Ол университет кітапханасынан мақала жазуға біраз ақпараттар жинап алды.*

**12. Төменде берілген етістіктерге септік жалғауын жалғап, сөйлем құрып жазыңыздар.**

**Үлгі:** Балабақшада тәжірибелі тәрбиешілер балаларды оқу мен жазуға үйретеді.

тындау, оқу, жазу, сөйлеу, билеу, үйрену

**13. Мына құрылымда тіркес жазып үйреніңіздер, сөйлем құрыңыздар.**

Атау септігіндегі зат есім

сайын

**Үлгі:** жыл сайын

*Еліміздің білімпаз түлектері жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде білім алып жатыр.*

ай, апта, күн, тәулік, сағат, минут, секунд

**14. Ақпарат алдыңыздар. Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.**

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	Білім саласына қатысты сөздік қорым бар.	Қазақстандағы білім жүйесі туралы ақпарат алдым.	«Болашақ» және шетелде оқуға мүмкіндік беретін басқа да бағдарламалар туралы білейін деп едім.
2			
3			
4			

**15. Сұхбатты тыңдаңыздар.**

**Заманауи технология**

*Алуа:* – Нейля, сенің жұмыс кабинетінде қандай техникалық құралдар бар?

*Нейля:* – Компьютер, цифрлы фотоапарат, плеер, iPOD бар.

*Алуа:* – Мен кеше notebook сатып алдым.

*Нейля:* – Компьютеріңді Интернет желісіне қостың ба?

*Алуа:* – Иә, әрине. Жылдамдығы жоғары интернет жүйесіне қостым. Мен интернет материалдарын көп оқимын ғой.

*Нейля:* – Сен, «Power Point» бағдарламасымен жұмыс істей аласың ба?

*Алуа:* – Әрине, «Power Point» бағдарламасын тез үйреніп алдым. Оның пайдасы көп екен. Сол арқылы презентациялар жасап жүрмін.

*Нейля:* – «Үздік оқу орындары» туралы презентация бар ма?

*Алуа:* – Бар. Қажет болса, флешкаға жазып берейін.

*Нейля:* – Саған көп рақмет!



**16.**


**1. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- 1) Осы заттарды сіздер сатып алдыңыздар ма? Не үшін?
- 2) Не сатып алғыларыңыз келеді?

**2. Төмендегі сұрақ бойынша ойларыңызды айтыңыздар.**

**Компьютерде адам не істей алады?**

- аударады
- қатені түзейді
- жазу жазады
- қазақ, орыс, ағылшын тілінде сөйлеседі
- интерактивті ойындар ойнайды
- скайп арқылы сөйлеседі
- хат жазады
- SMS жібереді
- музыка тыңдайды
- танысады
- тіл үйренеді
- жауап қайтарады




**17. «Компьютерде адам не істей алады?»**

**тақырыбына сұхбат құрыңыздар.**

**18. Жоғарыдағы суретті пайдаланып, олармен не істейтіндеріңізді айтыңыздар.**

### 19. «Білім жүйесі» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңыздар.



### Хат жазып үйренеміз

### 20. Құттықтау хат үлгісімен танысыңыздар.

#### Құттықтау хат

Қадірлі Ахмет Асыланбекұлы мырза!

Сізді Білім күні мерекесімен құттықтаймын!

Сіз еліміздің жастарына білім мен тәрбие беру, оларды ғылымға баулу жолында қажырлы еңбек етіп келесіз. «Ұстаз бақыты – озып туған шәкірті» демекші, атыңызды әлемге танытатын талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін! Сіздің осы саладағы еңбегіңіз жана берсін!

Сізге бақыт, денсаулық, отбасыңызға береке, бірлік тілеймін.

Тзгі тілекпен әріптесіңіз

Қайсар Ғланұлы

## 21. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.

- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Тәуелсіз еліміздің басты міндеттерінің бірі – жастарға жан-жақты білім беру.
- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Жастарға білім беру үдерісі халқымыздың ұлттық мәдениетіне, экономикасы мен саяси өміріне негізделіп жүзеге асырылады.
- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Еліміздегі білім беру жүйесі жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып екіге бөлінеді.
- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Еліміздегі сәбилер мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға барады.
- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жан-жақты жетілген.
- Асыл:* – \_\_\_\_\_ ?  
*Бекзат:* – Заманауи білім беру жүйесі оқытушыларға жаңа талаптар қойып отыр.

## 22. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбына әңгіме жазыңыздар.

## 23. Әріптесіңізді инновациялық жоба жеңімпазы болуымен құттықтап, құттықтау хат жазыңыз.

## 24. Мәтінді оқыңыздар. Әр сөйлемдегі негізгі ойды білдіретін сөзді тауып алып, үлгі бойынша кеңейтіңіздер.

